Алатау

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 45 (1048)

12.11.2021

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

ШАРУАШЫЛЫҚ

МАРАЛ ӨСІРГЕН АҚСУЛЫҚ КӘСІПКЕР

МАРАЛДЫҢ МҮЙІЗІНЕН АЛЫНАТЫН ҚАН АДАМ АҒЗАСЫНА КҮШ БЕРЕДІ. ИММУНИТЕТТІ КӨТЕРЕДІ. АЛ СҮЙЕГІН ҚАЙНАТЫП,СОРПАСЫН ЕМГЕ ПАЙДАЛАНАДЫ. МАРАЛ ҚАНЫНДА АДАМ АҒЗАСЫНА ҚАЖЕТТІ 25 ТҮРЛІ МИКРОЭЛЕМЕНТ БАР. ЖҮРЕК, ҚАНАЙНАЛЫМ, ҚАН ҚЫСЫМЫ, БУЫН, СҮЙЕК, ИММУНДЫҚ ЖҮЙЕНІ ЖАҚСАРТУДА МАРАЛ МҮЙІЗІНЕН АЛЫНАТЫН ҚАННЫҢ ПАЙДАСЫ ӨТЕ ЗОР. МҮЙІЗДІ ҚАЙНАТЫП, СОРПАСЫНА ТҮССЕ, ДЕНЕДЕГІ СУЫҚТЫ АЛЫПШЫҒАДЫ.СОРПА БУЫН СЫРҚЫРАҒАНҒА МЫҢ ДА БІР ЕМ.

Өткен жылы ауданға Шығыс Қазақстаннан жиырма үш марал әкеліпін еді. Бүгінде оның төртеуі төлдеді. Марал таулы жерде мекен етеді. Оларды жылы жерде ұстауға болмайды. Себебі, мүйізінде қан шамадан тыс көп болғандықтан шыбын-шіркей әуес келеді. Сондықтан, жануар жылы жерде арықтап, жүдеп кетеді. Шаруашылық тау арасында орналасқан. Жайылымдық жері тауда. Оны қоршамаса жануарды ит-құс жеп немесе жабайы жануарларға ілесіп кетуі мүмкін. Сондықтан, жайылымның 5 гектары қоршалды. Әлі де жайылымды кеңейту керек. Бүгінде болашақ демалыс орнының үйлері жаңалануда. «Аршалы тур» шаруашылығының басшысы Берік Алдабергеновтің айтуынша, шаруашылыққа ветеринар-мамандар іздестірілуде. Олар маралдың қанын тексеріп, зертханадан өткізіп, сапасын, тазалығын қадағалап тұрады. Суықсай ауылының тау бөктерінде ашылған демалыс орнында қонақ үй, саяжай, емдеу орны салынуда. Бүгінде жертөлесі бар тағы бір ғимараттың іргетасы қалануда. Онда үлкен пеш болады. Ваннада сүйек қайнатылып, емдік сорпа дайындалады. Берік Кенжебайұлы, шаруашылықты жандандыруға қоршау жасаудың қиындық тудырып тұрғанын айтады. Қаржылық қажеттіліктен басқа, қоршауды жасаудың қиындығы өз алдына дейді. Туризмді дамытса келушілер қатары өсетін еді. Демалушылар аудан бюджетіне қаржы ала келетіндері анық. Ендеше, марал шаруашылығының жандануына мемлекет тарапынан жанды көмек керек.

Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ
АҚСУ АУДАНЫ

АҢДАТПА

МОНОГОРОДА 3-стр.

БУДЕТ ПРОВЕДЕНА АНАЛИТИЧЕСКАЯ И ОЦЕНОЧНАЯ РАБОТА

СЕЛЕКТОРЛЫҚ ЖИЫН 4-бет

ҚАЙТА ЕГУ ҚАРАШАНЫҢ ОРТАСЫНДА БАСТАЛАДЫ

АШЫҚ ӘҢГІМЕ 7-бет

ЖАСТАР – ҚОҒАМНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

МЕРЕЙ 8-9-бет

АЛПЫС ДЕГЕНІҢ АЛТЫ-АҚ КҮНДІК ЖОЛ ЕКЕН

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КӘСІПОРЫН

СҮТ ТАҒАМДАРЫНЫҢ 23 ТҮРІ ШЫҒАРЫЛАДЫ

Моноқала Текеліде бірнеше жылдан бері сүт өндірісімен айналысып, халықты табиғи өнімдермен қамтамасыз етіп отырған «Текелі» сүт зауытының 60 жылдық тарихы бар. Кәсіпорында «Текелі» брендімен сүт тағамдарының 23 түрі шығарылады, соның ішінде сүт, айран, май, қаймақ, сүзбе және басқа да көптеген түрлері бар. Алдағы уақытта балмұздақ пен ірімшік шығаруды жоспарлауда. Бұл туралы Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

«Текелі» сүт зауытының тарихы сонау 1953 жылдан бастау алады. Алғашында сүт жинайтын сауда нүктесі ретінде құрылса, 1987 жылы оған жеке кәсіп мәртебесі берілген. Қазір «Текелі сүт зауыты» деген атауы көпке кеңінен таныс. Ұжымның тынымсыз еңбегі және басшылықтың ұйымдастыра білу шеберлігінің арқасында 1990 жылдардағы күрделі кезеңде кәсіпорын жұмысы ақсамады. Ал тәуелсіздік жылдары зауыт қайта түлеп, жұмысы жаңаша қарқын алды.

Облыс әкімдігінің қолдауымен «Өндіріс» бағдарламасы бойынша жеңілдетілген несиеге ие болды. Өндіріс толықтай қайта жаңғыртылды. Заманауи технологиялармен жабдықталды. Бұдан соң зауыт тауарына деген сұраныс артып, кәсіпорын бүгінгі нарық талабына сай дами түсті.

«Текелі» сүт зауытының өндіріс жөніндегі директоры Валентина Кубрактің бұл жерде еңбек еткеніне 30 жылдан астам уақыт өткен. *«Алғаш зауытқа 1990 жылы өндіріс шебері ретінде қабылдандым. Содан бері 30 жыл бойы осы зауыттың қабырғасында еңбек етіп келемін. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекет қолдауының арқасында зауыттың шығаратын өнімінің көлемі едәуір артты, өндіріс іргесі кеңейді. Бүгінгі күні тәулігіне 10 тоннадан 20 тоннаға дейін өнім шығарамыз. Зауытта тәжірибелі мамандар жеткілікті. Олардың алды кемінде 20 жылдан бері осында еңбек етіп жүр. Бұл ретте 45 қызметкердің 30 пайызын жастар құрайды. Бұл деген қуантарлық жайт. Қызметкерлеріміздің әлеуметтік жағдайларына да көңіл бөлініп, әрқашан қолдап отырамыз. Кәсіпорын есебінен бір мезгіл ыстық тамақ және тегін жүру билеті беріледі»,* – дейді ол.

Директор өз сөзінде зауытқа сүттің қайдан әкелінетінін де айтты. «Шикізат қала маңындағы шаруа қожалықтарынан, жеке аулалардан жиналады. Зауытта сүттің сапасын тексеретін арнайы зертхана бар. Тек зертханалық тексеру қорытындысы шыққаннан кейін ғана сүт өндірісте қолданылады».

Зауыт облыстың ірі шаруашылықтарының бірі «Хильниченко және К» шаруа қожалығымен тығыз байланыста жұмыс істейді. Сүт зауытқа жеткізіліп, тиісті зерттеу жүргізілгеннен кейін сепаратордан өткізіледі. Соның арқасында сүт табиғилығын сақтайды. Мұнан кейінгі өнімнің стандартты майлылығына қол жеткізу үшін қалыптандыру, сүттің ұйып қалмауы үшін гомогенизация, сүттің максималды қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін пастерлеу процестері жүргізіледі. Бұдан әрі дайын өнім қапталып, маркасы қойылып, сауда нүктелеріне жөнелтіледі.

«Текелі сүт зауыты» өнімінің басты ерекшелігі – оның ешқандай қоспасыз, өнімінің табиғи қалпын сақтауында», – дейді В.Кубрак. Сондықтан сүтте табиғи дәрумендер сақталатындықтан, өнімді сақтау мерзімі шектеулі. Мәселен, зауыттың сүт өнімдері 5 күн, ал айраны 7 күн ғана сақталады.

Оның сөзінше, зауыт 1953 жылдан бастап таза мемлекеттік тапсырысқа жұмыс істеген. Ал сүтті балабақша, мектептер мен ауруханаларда пайдаланыпты. Өйткені өнім таза табиғи сүттен дайындалады. Және әлі күнге сондай сапаны ұстанып келеді.

Зауыт өнімдерін тұрақты тұтынатындар қатарында жеке сатып алушыларды айтпағанда, «Шапағат» арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы, «Текелі» санаторийі, кондитерлік цехтар, ірі сауда дүкендерінің желісі бар.

Талдықорған, Алматы қалаларында да сұраныс жоғары.

Өткен жылы «Текелі» сүт зауыты» ребрендинг жасап, өзінің барлық өнімінің сыртқы қаптауын толықтай өзгерткен. Соның арқасында өнім қаптамасы бұрынғыдан гөрі айқын, танымал, қолайлы бола түсіпті. Қазір сүт зауытының тауарларын интернет желісі арқылы кеңінен жарнамалай бастаған. Өткен жылы «Инстаграм» желісінде ашылған Tekelikz парақшасының бүгінде жазылушылар қатары 4 мыңнан асқан. www.tekeligmz.kz сайты жұмыс істейді.

Келер жылдан бастап зауыт балмұздақ пен ірімшік шығаруды бастамақ.

Сонымен қатар жаңа технологияның көмегімен өндіріс көлемін тағы да ұлғайта түсіп, нарықтағы позицияларын нығайтып, тауардың жаңа түрлерін меңгеруге көшпек.

Зауыт өнімдері күнделікті таңғы сағат 5-те сүт көлікке тиеліп, таңғы асқа жеткізіп үлгеру үшін сағат 6-да тиісті нүктелерге, дүкендерге таратылады. Бұл – зауыттың бірнеше жылдан бері үзілмей келетін дәстүрі.

Текелі қаласы әкімдігінің мәліметінше , биылғы 9 айда Текелі қаласында құны 307,2 млн. теңге болатын 1100 тоннадан астам сүт, қаймақ, сары май, сүзбе және басқа да сүт тағамдары өндірілген.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

БАЙҚАУ

ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНАН КӨРІНДІ

Талдықорған қаласындағы Назарбаев Зияткрлік мектебінің оқушылары «Дарын» ғылыми жобалар байқауында жүлделі орындарға ие болды.

Еліміздің барлық Назарбаев Зияткерлік мектептерінен 300-ден астам оқушы төрт бағыт бойынша 264 жоба ұсынды. Байқау 1-6 қараша аралығында қашықтан өтті. Оқушылар «Ғылыми-техникалық прогресс – экономикалық өсудің негізгі буыны ретінде», «Экономикалық және әлеуметтік процесстерді математикалық модельдеу», «Таза табиғи орта – «Казақстан – 2050» стратегиясын жүзеге асырудың негізі», «Қазақстанның тарихи ескерткіштері мен перспективалық туристік бағдарлар» сияқты төрт бағыт бойынша жарысты.

Талдықорған қаласының NIS командасы он екі зерттеу жұмысын ұсынды.



10 сынып оқушылары Мерей Бисенгалиева мен Аружан Баяхмет «Жастардың психоәлеуметтік аспектілерін зерттеу» ғылыми былады. Қазіргі таңда белсенді көмір алу үшін 1 тонна ағаштан 10-15 пайыз ғана белсенді көмір алынады. Жас зерттеушілер зерттеу жұмыстарын жүргізе отырып белсенді көмір алу барысында ағаш пайдаланбай орынына қоқыс алаңына тастайтын күріш қауызын пайдалануға болатынын дәлелдеді.

Желілік ғылыми жобалар байқауының қорытындысы бойынша бұл жұмыстар III орынды иеленді.

Ал, 12 сынып оқушылары Дәурен Жанайдар мен Валерия Ким Қазақстан топырағынан актиномицеттердің оқшаулануын анықтады. Зияткер оқушылар топырақ үлгісінен актиномицеттердің таза дақылдарын бөліп алуды жүзеге асырды, актиномицеттердің бактериялық сынама дақылдарына қарсы антагонистік белсенділігін зерттеді және микробқа қарсы белсенділігі жоғары микроорганизмдердің ең перспективалы изоляттарын анықтады.

Зерттеу жұмысы «Дарын» ғылыми жобалар байқауында II орынға ие болды.

С. БАЗАРҚҰЛОВА.

ДЕНСАУЛЫҚ

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ 70 ПАЙЫЗҒА ЖУЫҒЫ ЕКПЕ АЛДЫ

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ВАКЦИНАЦИЯ ЖҰМЫСТАРЫ БОЙЫНША ЕЛІМІЗДЕ ЕҢ БЕЛСЕНДІ ӨҢІРЛЕРДІҢ ҚАТАРЫНДА. ЖЕТІСУЛЫҚТАРДЫҢ 70 ПАЙЫЗҒА ЖУЫҒЫ ЕКПЕ ҚАБЫЛДАҒАН. БҰЛ ТУРАЛЫ «ЖЕТІСУ» ГАЗЕТІ ХАБАРЛАДЫ.



Қазіргі кезде облыста вакцинаның 1-компонентінен 81 223 доза және екінші компонентінен 149 138 доза қалған. 823 797 (69%) адам вакцинаның бірінші компонентін, екіншісін 746 691 (62%) алған.

Алматы облыстық санитарлық-эпидемиологиялық департаменті өкілдерінің айтуынша, жыл басынан бері аймаққа екпенің бірінші дозасынан 905 020, екінші дозасынан 895 150 дана жеткізілген. Айта кетейік, облыста Балқаш және Ақсу ауданының тұрғындары 100 пайыз екпе қабылдаған. Өңірлерде вакцинация бойынша ешқандай шағым түспеген, екпе жұмысы жоспармен жүзеге асуда. Облыста 244 екпе пункті бар. Оның 80-і жылжымалы.

Бүгінде тұрғындардың басым көпшілігі індетті тоқтатудың жалғыз амалы – екпелену екенін түсінген.

«Вакциналау бастала салып біз, зайыбым екеуміз алғашқылардың бірі болып келіп, екпе қабылдадық. Адамдардың неден қорқатынын түсінбеймін.

Әртүрлі жел сөздерге сенбеу керек. Вирустан сақтанған қайта жақсы емес пе? Былтыр індет өршіген жазда екпе қашан шығады деп сарыла күтіп едік. Өзіміздің де, өзгенің денсаулығын ойлау маңызды», – дейді Талдықорған қаласының тұрғыны Жекен Өтешов.

Көксулық Альбина Атанасова да осы пікірде. Ол адамдарды індетке салғырт қарамауға шақырды.

«Коронавирус қана емес, кез келген ауруды тоқтататын вакцина емес пе? Мен өз еркіммен екі компонентті де салдырып алдым. Енді қайта екпеленуді күтіп жүрмін», – дейді ол.

Қазір облыста екпеге қатысты түсіндіру жұмыстары жалғасуда. Жуырда «Ел үшін егілемін» азаматтық штабы Талдықорғанға келіп, тұрғындармен кездесті. Олар індетпен күрес, екпе алу, оның пайдасы туралы ел арасында ресми ақпарат таратады.

Қазақстанға Pfizer екпесінің алғашқы партиясы жеткізілді. Алматы облысында АҚШ ғалымдары жасаған вакцинаны сақтау үшін тоңазытқыштар жасақталуда. Бұл екпе 12-18 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдерге, жүкті және лактация кезеңіндегі әйелдерге арналған.

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МОНОГОРОДА

Первый заместитель руководителя Администрации президента Даурен Абаев объяснил, что ждет жителей моногородов Казахстана, сообщает Zakon.kz. В какие мегаполисы будут расселять жителей моногородов, рассказал Даурен Абаев. Будет проведена аналитическая и оценочная работа. По ее итогам моногорода будут ранжированы по категориям.

БУДЕТ ПРОВЕДЕНА АНАЛИТИЧЕСКАЯ И ОЦЕНОЧНАЯ РАБОТА

В эфире программы «Открытый диалог 2.0» он объяснил, как понимать тезис о том, что теперь моногорода будут делится на категории. Ранее эта тема поднималась на республиканском совещании под руководством Президента Касым-ЖомартаТокаева в Экибастузе.

Даурен Абаев назвал это совещание очень важным.По сути, речь идет о перезагрузке политики развития территорий. Президент продолжает курс на имплементацию принципов здравого смысла и прагматизма в управлении национальной экономики. Мы должны понимать, что моногорода во многом являются наследием специфической советской урбанистики. Они были вплетены в систему плановой экономики. С обретением независимости реалии изменились. Соответственно, должны меняться и принципы управления. А проблем накопилось много. Сегодня в 27 моногородах проживает полтора миллиона человек. Для них характерен высокий отток населения. Социальная депрессия, безработица, катастрофический износ коммунальной инфраструктуры. первый заместитель руководителя Администрации президента Даурен Абаев.

Кроме того, в некоторых городах истощаются природные ресурсы, являющиеся основным источником существования этих городов.

Поэтому президент предлагает уже сейчас заняться поэтапным переселением малоперспективных моногородов в крупные города. Естественно, не забывая, что людям надо создать условия.

Речь идет не о всех моногородах. Некоторые из них обладают высоким потенциалом развития, по ним будет принят отдельный план. Особенно в части диверсификации экономики. Некоторые моногорода, расположенные вблизи крупных городов — точек роста, будут развиваться по принципу агломерации. первый заместитель руководителя Администрации президента Даурен Абаев.

На вопрос ведущего, есть ли понимание, о каких именно населенных пунктах идет речь, первый заместитель руководителя Администрации президента ответил, что будет проведена аналитическая и оценочная работа. И уже по ее итогам моногорода будут ранжированы по категориям.

ВАКЦИНАЦИЯ

ПРИВИВКА ПОДРОСТКОВ ПРЕПАРАТОМ PFIZER

Главный государственный санитарный врач РК Ерлан Киясов утвердил рекомендации по вакцинированию населения против коронавируса препаратом «Комирнати» (Pfizer, США) в Республике Казахстан, передает источник 365info.kz

Вакцина будет доступна для подростков в возрасте 12 лет и старше, беременных женщин (с 16 по 37 неделю беременности), для женщин в период лактации. На первом этапе начнут вакцинировать подростков от 16 до 18 лет.

«На начальном этапе профилактические прививки против КВИ начать с вакцинации подростков в возрасте от 16 до 18 лет. На последующих этапах (после завершения вакцинации против КВИ желающих подростков от 16 до 18 лет) последовательно вакцинируются подростки других возрастных групп — 15, 14, 13 и 12 лет», — отмечается в документе.

Вакцинация подростков, которые учатся в организациях образования (школы, колледжи, университеты и другие), может проводиться по месту учебы. Беременных и женщин в период лактации будут вакцинировать в медицинских организациях и иных пунктах вакцинации.

ПЛАТНЫЕ ДОРОГИ

КАКОЕ НАКАЗАНИЕ ГРОЗИТ,

если не заплатить за платную дорогу в Казахстане

В Казахстане были запущены новые участки платных дорог между городами. Они помогают быстрее добраться до нужного пункта назначения и эффективнее использовать средства на поддержку технического состояния трассы. Однако за нарушения в вопросах оплаты могут последовать наказания. Подробнее читайте в материале Нурфин.

Введение платных дорог в Казахстане началось с 2013 года на участке трассы «Нур-Султан — Щучинск». На 2019 год общая протяженность подобных дорог достигала 682 километров. А в 2021 году уже введены дополнительные 7 участков длиной 5,5 тыс. километров.

Но взимание платы на новых дорогах планируется производить с 15 ноября и только на участках первой технической категории. При этом следует помнить, что оплата платной дороги является обязанностью автовладельцев. А за нарушение можно получить штраф.

Штрафы на платных дорогах

Согласно статье 628 Административного кодекса, проезд по платным дорогам без оплаты грозит казахстанцам штрафом в размере 5 месячных расчетных показателей (МРП) — 14 585 тенге на 2021 год. А для юридических лиц наказание достигает 10 МРП — 29 170 тенге. В 2022 году планируют увеличить прожиточный минимум, МРП и другие показатели в Казахстане.

В связи с этим размеры штрафов могут вырасти до 15 315 тенге для физических лиц и до 30 630 тенге для юридических.

Сколько стоит платная дорога

Напомним, что стоимость проезда будет зависеть от нескольких факторов: класс автомобиля — имеются разные расценки для грузовых, пассажирских и легковых транспортных средств, тарифы на конкретных участках — от 50 до 420 тенге для легковых авто в зависимости от отдельно взятой платной дороги.

А для лиц, которые имеют дома на протяжении платной дороги, применяются специальные годовые абонементы стоимостью 1 000 тенге.

Как платить на новых дорогах

Как сообщает сайт НК «КазАвтоЖол», в 2021 году планируется внедрение «открытой» системы оплаты. То есть на дорогах не будут использоваться шлагбаумы. А проезд машины на платный участок будет фиксироваться специальными камерами на контрольных арках.

Главным преимуществом этой системы является возможность сохранять скоростной режим, не останавливаясь на терминалах. Поэтому автовладельцам следует заранее пополнять счета на госномера своего транспортного средства.

ЗНАЙ НАШИХ!

БАЙДЕН ОФИЦИАЛЬНО ВЫДВИНУЛ

уроженку Казахстана на высокопоставленную должность в США

По сообщениюSputnik.kz, если ее кандидатуру одобрят, Сауле Омарова станет первой женщиной на посту главы Управления контролера денежного обращения США.

Президент США Джо Байден официально направил на рассмотрение Сената Конгресса кандидатуру Сауле Омаровой на должность главы управления контролера денежного обращения (OfficeoftheComptrolleroftheCurrency).

«Кандидатура, направленная в сенат: Сауле Омарова на должность главы Управления контролера денежного обращения сроком на пять лет, заместитель — Джозеф Оттинг», — говорится в документе, опубликованном на сайте Белого дома.

В ближайшее время профильный сенатский комитет должен объявить о слушаниях по рассмотрению кандидатуры Сауле Омаровой, после чего проведет голосование. После рекомендации комитета в Сенате пройдет итоговое голосование. Если ее кандидатуру одобрят, Сауле Омарова станет первой женщиной во главе ОСС, основанного в 1863 году.

Уроженка Уральска Сауле Омарова является действующим профессором банковского права Корнельского университета, выпускницей МГУ(1989), Университета Висконсин(1999) и Северо-Западного университета (2001), где получила степень доктора юриспруденции с отличием. Владеет казахским, русским и английским языками.

ВОДИТЕЛЬСКИЕ ПРАВА

Как передаетSputnik.kz, Министр тайно сходил в спецЦОН и увидел «помогаек», которые способствуют получению водительских прав нечестным путем. Министр цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Казахстана Багдат Мусин заявил об ужесточении правил получения водительских удостоверений в Казахстане.

УЖЕСТОЧАТЬ ТРЕБОВАНИЯ

Министр сообщил, что продолжает анонимно посещать ЦОНы и СпецЦОНы, и во время одного из подобных визитов он увидел, как сотрудники «помогают» гражданам незаконными путями пройти экзамены для получения водительского удостоверения.

«Я не совсем доволен тем, как сейчас работают в ЦОНах. Выявились факты, которые я отношу к коррупционным проявлениям. Не проходя тесты и экзамены, в обход системы получить права. Мы приняли меры, к примеру, вчера в Нур-Султане за весь день только 3 человека получили права», — рассказал Мусин о своем очередном походе в Центр обслуживания населения.

Глава Минцифры пояснил, после выявленных нарушений был ужесточен контроль. В частности, были задействованы дополнительные сотрудники, который сверяли личность тех, кто пришел на экзамен.

В будущем планируется внедрить биометрическую идентификацию при прохождении теоретических и практических тестов для получения водительских прав.

«Граждане должны понимать, что, не подтвердив навыки вождения, выезжать на дороги опасно. Мы с МВД будем ужесточать требования при получении водительских удостоверений», — уточнил Мусин.

Также министр заявил, что продолжит инкогнито посещать ЦОНы и СпецЦОНы.

Как получить водительские права в Казахстане

Для получения водительских прав в Казахстане желающие сначала проходят обучающий курс в автошколе, инструкторы которой дают направление на сдачу в спецЦОНе.

Далее теоретические и практические экзамены принимаются в зданиях и на территории филиалов НАО «Государственная корпорация “Правительство для граждан” или в спецЦОНах. В случаях неисправности автоматизированных автодромов практические экзамены временно могут приниматься экзаменационной комиссией под председательством сотрудника ОВД.

Теоретический экзамен проводится в экзаменационном классе с использованием компьютерных комплексов — соискатели проходят тестирование на знание ПДД.

Желающее получить водительское удостоверение лицо, не сдавшее теоретический экзамен, к практическому экзамену не допускается. Повторный экзамен, как теоретический, так и практический, назначается не ранее чем через семь календарных дней со дня проведения предыдущего.

Для лица, меняющего место жительства или убывающего на военную службу, учебу, в длительную командировку (более трех месяцев) и не сдавшего теоретический или практический экзамен, повторный экзамен назначается не ранее чем через три календарных дня при предоставлении подтверждающих документов.

Положительная оценка, полученная по теоретическому экзамену, считается действительной в течение трех месяцев. По истечении указанного срока кандидат на получение права на управление транспортным средством вновь сдает теоретический экзамен.

Практический экзамен оценивается по следующей системе: положительная оценка — «Сдал», отрицательная — «Не сдал».

В августе 2021 года стало известно, что в пилотном режиме в автоцонах Алматы впервые был запущен оптимизированный процесс сдачи теоретического экзамена с аудио- и видеофиксацией и биометрической идентификацией.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СЕЛЕКТОРЛЫҚ ЖИЫН

ҚАЙТА ЕГУ ҚАРАШАНЫҢ ОРТАСЫНДА БАСТАЛАДЫ

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Үкімет отырысына Алматы облыс әкімі Амандық Баталов қатысты. Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой елдегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдай туралы баяндады. Үстіміздегі жылдың он айындағы еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары мен республикалық бюджеттің атқарылуы талқыланды.

Бүгінгі таңда жүргізілген сынақтар саны бойынша әлемнің екі жүзден астам елі арасында Қазақстан 47-ші орында. Қазақстанда соңғы екі айда аурушаңдық 3,4 есеге, ал өлім-жітім 4 есеге төмендеді. Коронавирус инфекциясының таралу қарқыны бойынша «жасыл аймақта» Шымкент қаласы, Ақтөбе, Атырау, Алматы, Батыс Қазақстан, Түркістан, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау және Шығыс Қазақстан облыстары, «сары аймақта» – Нұр-Сұлтан және Алматы қалалары, Ақмола және Қарағанды облыстары орналасқан. «Қызыл аймақта» Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстары қалады. Бүгінгі таңда 8,5 млн.адам вакцинаның бірінші компонентімен, 7,7 млн. адам екінші компонентімен егілді.Жалпы, вакцинациялаумен қамту 41 пайызға жетті. Ал, халықты қайта егу 22 қарашада басталады.

12 жастан асқан балаларды, жүкті әйелдерді және бала емізетін аналарды егу үшін 4 миллион 230 мың доза Комирнати (Пфайзер) вакцинасы сатып алынды, бұл 2 миллион 115 мың адамды қамтуға мүмкіндік береді. Осы вакцинаны сақтаудың барлық шарасын сақтау үшін қажетті тоңазытқыш қондырғылар сатып алынды. Балаларды егу оқу орнында және егу орталықтарының желісінде ата-аналардың толық ерікті келісімімен жүргізіледі.

Денсаулық сақтау министрінің сөзінен кейін Асқар Мамин Еуропаның бірқатар елінде, сондай-ақ Қазақстанмен шекаралас мемлекеттерде коронавирус дертінің өсуін ескере отырып, санитарлық талаптарды сақтауды жалғастыру, санитарлық-гигиеналық шараларды күшейту, тәртіп бұзушыларға қатаң шаралар қолдану қажеттігін атап өтті.

Сондай-ақ, ол бұрын екпе алған азаматтарды қайта вакцинациялауға байланысты екпе егу пункттерінің, медициналық ұйымдар мен медицина қызметкерлерінің дайындығын қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті.

Мұнна кейін 2021 жылдың қаңтар-қазан айларындағы еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары және республикалық бюджеттің атқарылуы туралы сөз болды. Осы орайда экономиканың дамуы, ақша-несие саясаты, республикалық бюджеттің атқарылуы, мемлекеттік сатып алулардағы жергілікті қамту туралы Ұлттық экономика министрі Әсет Ырғалиев, Ұлттық банк төрағасы Ерболат Досаев, Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев баяндады.

Тиісті министрлердің сөйлеген сөзіне қарағанда, ел экономикасы тұрақты дамып келеді. Ағымдағы жылдың он айының қорытындысы бойынша жалпы ішкі өнімнің өсімі 3,5 пайызды құрады. Нақты сектордағы өндірістің тұрақты өсімі жалғасуда. Өңдеу өнеркәсібінде де көлем артқан. Карантинді біртебірте жеңілдетудің арқасында қызмет көрсету саласында іскерлік белсенділіктің қалпына келуі байқалады, құрылыс индустриясы 7,6 пайызға өссе, инвестиция өсімін біртіндеп қалпына келтіру жалғасуда. Осы орайда Алматы облысы көптеген позицияларда жетекші орынға ие екенін айта кеткен жөн. Мысалы, өңдеу өнеркәсібі өнімінің көлемі бойынша екінші, ауыл шаруашылығы бойынша үшінші орында.

Жалпы, 2021 жылдың қаңтар-қазан айларының қорытындысы бойынша Алматы және Жамбыл облыстары, Нұр-Сұлтан және Шымкент қалалары барлық 7 негізгі макроиндикатор бойынша әлеуметтік-экономикалық дамудың өсімін қамтамасыз етті.

Отырыста ұлттық халық санағының алдын-ала қорытындылары да тілге тиек етілді. Үкімет басшысы күрделі эпидемиологиялық жағдайда өткен республикалық халық санағы жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын атап өтті. Премьер-Министр Қазақстан халқына ұлттық санаққа белсене қатысқаны үшін, сондай-ақ Ұлттық статистика бюросының қызметкерлері мен науқанға атсалысқан азаматтарға атқарылған жұмыстар үшін алғыс айтты.

Үкімет отырысының қорытындысы бойынша Амандық Баталов «Комирнати» (Пфайзер) вакцинасының сақталуын ерекше бақылауға алуды тапсырды.

– Жалпы облыстың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері жақсы. Тұрғын үй, инвестиция мәселесін белсендірек пысықтап, бюджеттің игерілуін үнемі бақылауда ұстау қажет. Жылдың аяғына дейін аз ғана уақыт қалды, сондықтан барлық басқарма өз бағыттары бойынша жүктелген міндеттерді нақты орындауы қажет, – деді аймақ басшысы.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ТӨРТ ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

• АУДАНДА

«АУЫЛ» ПАРТИЯСЫ ПАНФИЛОВ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТЫ, КӘСІПКЕР ОЛЖАС ЖАПАРҚҰЛ ТӨРТ ШАҢЫРАҚҚА БАСПАНА КІЛТІН ТАПСЫРДЫ.

«Ернар» шаруа қожалығына жетекшілік ететін кәсіпкер бұған дейін 6 отбасына үй әперген болатын. Бұл отбасылардың барлығы – аталған қожалықтың жұмысшылары.

Бес бөлмелі бір үй 114 шаршы метр аумықты алып жатыр. Іші толық жабдықталып, жер телімдерімен қоса берілген. Келісімшартпен жұмыс істейтін қожалық қызметкерлеріне қосымша жалақы да төленеді.

Олжас Жапарқұлдың айтуынша, ел тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Ауыл» партиясы 30 игі іс бастаған. *«Осы шара біздің ауданнан басталғанына қуаныштымын. Бұл отбасы – біздің қожалықтың қызметкерлері. Бала-шағасы бар. Баспанасыз жүрген. Бүгін көппен бірге үйдің кілтін тапсырдық. Мұндай істер әлі де жалғасын табады»,* – деп ағынан жарылды кәсіпкер.

Аталмыш шаруа қожалығында 126 қызметкер бар. Аграрлық және мал шаруашылығымен айналысатын қожалық басшысы бұдан бөлек аудандағы көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға тұрақты қол ұшын беріп келеді. Бүгінгі таңда Панфилов ауданында 4058 тұрғын баспана кезегінде тұр. Жыл соңына қарай тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай Нұркент ауылында 120 отбасына баспана кілті тапсырылмақ.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

МЕДИЦИНА

ЗАМАНАУИ МЕДИЦИНАЛЫҚ АРБАЛАР сыйға тартылды

«Өскемен титан-магний комбинаты» акционерлік қоғамы Талдықорған қаласындағы «облыстық ауруханаға» 14 заманауи медициналық арбасын сыйға тартты.

Зауыт өкілі Ерлан Мұсабек жаңа медициналық құрал-жабдықтарды ауруанаға арнайы алып келіп, оның сертификатын аурухана директоры Анарбек Монғолға табыстады.

Өз кезегінде А.Монгол серіктестік президенті Әсем Тілекқызы Мамутоваға қарата жолданған алғыс хатты табыс етті. Онда: *«Талдықорған қаласындағы «облыстық аурухана» ШЖҚ коммуналдық кәсіпорнына көрсеткен қайырымдылық көмегі мен қолдауларыңыз үшін шынайы алғысымызды білдіреміз. Қолға алған барлық ізгі істеріңіз жүзеге аса берсін. Сізге және жақын туыстарыңыз бен достарыңызға зор денсаулық, амандық пен бақыт тілейміз»,* – деп жазылған.

Өз кезегінде зауыт өкілі Ерлан Мұсабек «Өскемен титан-магний комбинаты» АҚ еліміздегі ауруханаларға үнемі қайырымдылық көмек көрсетіп келетінін айтты. *«Бұл жолы Талдықорғанға, әсіресе, белгілі травматолог Анарбек Монгол жетекшілік ететін облыстық ауруханаға келдік. Ел дәрігерлері коронавирустық індетпен күресті жалғастырып жатқан күрделі де жауапты кезеңде Алматы облысындағы ірі медициналық мекеменің біріне қолдау көрсету біз үшін өте маңызды»* – деді ол.

Талдықорған қаласындағы облыстық аурухананың баспасөз қызметі.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МӘДЕНИЕТ КҮНДЕРІ АЯСЫНДА

ЖАМБЫЛДЫҚТАР ТАЛДЫҚОРҒАН ТӨРІНДЕ

ән мен жырдан шашу шашты

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығы аясында Жетісу жерінде Жамбыл облысының мәдени күндері аталып өтті. Киелі Тараздан келген өнерпаздар Талдықорған төрінде ән мен жырдан шашу шашып, мәдениет қызметкерлері рухани көрме өткізді.

Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Дәулет Кәрібек бастап келген делегацияны Алматы облысының әкімі Амандық Баталов қабылдады. Облыс әкімдігінде өткен жиында өңір басшысы Амандық Ғаббасұлы ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңындағы облыс жетістіктері, екі өңірдің бұрыннан қалыптасқан байланыстары, Жамбыл Жабаевтың мерейтойына арналған шаралар жайлы қысқаша баяндады.

– Жамбыл облысымен біздің өңіраралық байланысымыз бұрыннан қалыптасқан. Бұдан бірнеше жыл бұрын біздің облыс Таразда мәдени күндерін өткізсе, бүгін, міне, өздеріңіз өнер көшін Жетісуға әкеліп отырсыздар. Екі өңірге де тән ортақ құндылықтар, ортақ шаралар бар. Жамбыл бабамыз екі облысқа ғана емес, күллі қазаққа ортақ тұлға. Бұған дейін жыр алыбының музейін жөндеуден өткізсек, мерейтой қарсаңында Мәдениет және Спорт министрлігі бұл нысанды қайта жаңғыртуды қолға алды. Жамбыл ауылын, көшелерін абаттандырдық, мәдениет үйіне күрделі жөндеу жасап жаңарттық. 114 млн. теңге бөліп, 30 том кітабын шығардық. Осының бәрі облыс экономикасының жақсарғанының арқасында атқарылып жатыр. Соның нәтижесінде әлеуметтік салаға көп көңіл бөлініп келеді, – деген облыс әкімі өңірдің дамуы жайлы бірқатар шараны айтып өтті.

Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Дәулет Кәрібек жылы қабылдау үшін облыс басшылығына, жетісулықтарға ризашылығын білдіріп, облыс әкімі Бердібек Сапарбаевтың сәлемін жеткізді.

– Жетісуға сапарымызды Жамбыл бабамызға тағзым етуден бастадық. Басына барып дұға еттік, музейін тамашаладық. Елбасының «Атамекен» тарихи-мәдени музейін, Үшқоңырдағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенін көрдік. Жетісу өңіріне келеген делегация құрамында 150-дей адам бар. Биыл 6 мың гектар жерге қант қызылшасын

ектік. Осындай шаруашылық жағынан болсын, өнер алмасу жағынан болсын қос өңірдің өзара әріптестік байланысы нығая берсін, – деді Дәулет Кәрібек.

Қабылдаудан кейін мәдениет күні Б.Римова атындағы драма театрында Кенен Әзірбаев атындағы Жамбыл облыстық филармонияның концертімен жалғасты. Концертте облыс әкімі көпшіліктің алдында делегацияны Жетісуға арнайы жіберген Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаевқа ыстық ықыласын білдіріп, өнерпаздардың шығармашылығына табыс тіледі.

Мәдени күндер аясында жамбылдықтар Б.Римова атындағы драма театрында «Тараз – Ұлы даланың көне шаһары» атты жылжымалы көрме ұйымдастырса, жамбылдық кітапхана қызметкерлері «Өткені – өнеге, бүгіні – бекем, болашағы – жарқын Жамбыл өңірі» атты жылжымалы мәдени шара өткізді. Делегация мүшелері Жамбыл Жабаев ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, ақынның музейін аралады. Сонымен қатар А.Тоқпанов атындағы Жамбыл облыстық қазақ драма театры жетісулық көрерменге «Жамбылдың қызыл жолбарысы» атты қойылымын да ұсынды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ОТЫЗ ЖЫЛ ІШІНДЕ ҚАЗАҚСТАН ДАМЫДЫ, ДЕРБЕС ЕЛГЕ АЙНАЛДЫ. АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫН МЕРЕКЕЛЕУ ЖОСПАРЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА.

МЫҢНАН АСТАМ ІС-ШАРА ӨТТІ

Облыста мерейтой күнін мерекелеу бойынша өңірлік комиссия құрылды, іс-шаралар жоспары және медиа-жоспар бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Бүгінгі күні 1145 іс-шара өткізілді. Оның ішінде халықаралық деңгейде – 5 , республикалық деңгейде – 11, облыстық және аудандық деңгейде – 169, қалалық деңгейде – 960. Әр айдың тақырыптық бағыттарына сәйкес, мерейтойлық жылдың жарты жылдығында «Игі істер марафоны» жалпыұлттық жобасы, «30 игі іс» қайырымдылық акциясы, «Бірге таза Қазақстан үшін» сенбілігі, «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» ғылыми конференциясы, Алматы облысы халық театрларының фестивалі, «Мен Қазақстанның патриотымын!» акциялары, «Ел Астанасы» фотокөрмесі ұйымдастырылды.

Жыл басынан бері облыс бойынша 100-ден астам нысан ашылды. Оның ішінде 76 тұрғын үй, 6 мектеп, 135 балабақша, 3 спорт алаңы, 3 ДСК, 3 дәрігерлік амбулатория, 2 МҮ. Сондай-ақ түрлі өндірістік және әлеуметтік-мәдени нысандар ашылды.

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай арнайы «Тәуелсіздіктің мен үшін маңызы» челленджі, сондай-ақ баспа басылымдары мен «Instagram», «Facebook», «ВКонтакте» әлеуметтік желілер парақшаларында өткізіліп, облыста өткізілетін іс-шаралар бойынша #Qazaqstan30 хэштегімен 246 жарияланым орналастырылған.

Облыста Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы аясында «Еріктілер жылының» жалғасы ретінде «Игі істер марафоны» жалпыұлттық жобасы іске асырылып жатқанын атап өту маңызды.

Мемлекет басшысы айқындаған волонтерліктің 7 бағыты шеңберінде және облыста игі істер марафоны 13 мыңнан астам адамды қамтыған 1051 акция өткізілді. Сондай-ақ, өңірде азық-түлік жәрмеңкелері, ашық сабақтар, фотокөрмелер, ғылыми конференциялар мен акциялар өтеді.

Айта кетейік, 16 қараша мен 16 желтоқсан аралығында Тәуелсіздік күніне орай 30 жұлдызды күн аясындағы іс-шаралар жоспары бекітілді.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

КӘСІП

ЖЫЛЫЖАЙДА ЖАЙҚАЛҒАН ҚЫЗАНАҚТАР

Елбасы тапсырмасымен бекітілген азық-түлік қауіпсіздігі бағдарламасын жүзеге асырудың бір тетігі тұтыну рыногындағы көкөніс бағасын реттеу болып табылады. Жыл он екі ай көкөніске қолжетімділікті қалыптастыру үшін жергілікті жерде жылыжайлар жұмысы жандануы тиіс. Осы орайда соңғы жылдары Алматы облысында да жылыжайлар саны артуда.

Солардың қатарында Ұйғыр ауданындағы «Эко продукт плюс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі де бар. Аумағы 1 гектардан астам жерге түрік технологиясымен салынған жылыжайда қызанақтың екі түрі өсіріледі. Өнімдерін Шонжы ауылы мен Алматы қаласындағы сауда орталықтары мен базарларға жіберетін кәсіпорын 15 адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз еткен. Айына 100 мың теңге мөлшерінде орташа жалақы алатын жұмысшыларға жатын орын, 3 уақыт тамақ, көлікпен тасымалдау тегін ұйымдастырылған.

Серіктестік меңгерушісі Дильшат Абдуллаевтың сөзінше, арнайы топыраққа отырғызылатын қызанақ көшеттері жыл бойы өнім береді. Алайда уақыты ұзарған сайын түсімі нашарлай бастайтындықтан көшеттерді алты айдың ішінде жаңадан отырғызған тиімді. Ондайда түсімі артатын қызанақ Алматы шаһарына жеткенде 700-800 теңгеден сатылады. Сол үшін жылыжайдың температурасын тұрақты ұстау шарт. Сәл суық болса көшеті солып шыға келетін шетелдік сорттарды зиянкестерден қорғау табиғи жолмен жүреді.

Халықты қысы-жазы қызанақпен қамтамасыз ететін жылыжайға салынған инвестиция көлемі 400 миллион теңгеден асады. Осыған орай жылыжай аумағын 3 гектарға дейін өсіру жоспарда бар.

Дүйсенбі - Понедельник, 15 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.45 «Ауылдастар»
06.25 «Тәуелсіздік тәуекелдері»
07.00 «ТАҢШОЛПАН»
10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 01.30 Aqparat
10.10, 18.00 Т/х «Тағдыр жалыны»
12.00, 21.30 Т/х «Ақ жауын»
13.10 «Qyzyq Eken»
14.00 «Теледәрігер»
15.15 «Жәдігер»
15.35 «Ғажайып өлке»
16.00, 23.30 Т/х «Қазақ елі-2»
17.15 «Qyzyq Eken»
20.35 «Ashyq Alan»
22.25 «Күйеу бала» Т/х-ның алдын-ала көрсетілімі
22.30 «Жатмекен»
00.25 «Сана» Ток-шоу
02.05 «Ashyq Alan»
02.55 «Теледәрігер»

ХАБАР

05.00, 16.00 Сериал «Застава»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 Д/ф «Бросить вызов судьбе»
10.45 Әсем Әуен
12.00, 23.45 Т/х «Бәсеке-2»
13.00, 21.30 Т/х «Шайқалған шаңырақ»
14.00 Т/х «Пәленшеевтер»
15.00 «Бүгін»
18.00 Мегахит
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Бизнеске бағыт»
21.00 Итоги дня
22.30 Премьера! «Национальный интерес с Ерланом Бекхожиным»
00.45 «Discovery : Сквозь червоточину с Морганом Фрименом»

АСТАНА

06.00 «Ұрланған тағдыр»
06.45 Үздік әзілдер
07.00 М/ф «Маша и медведь»
09.30, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
11.00, 21.00 Т/с «Қара ниет-2»
12.15, 23.30 Т/х «Жауынгер»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 Д/ф «Формула личности»
15.40, 03.30 «Қарлығаш» күзет агенттігі
16.35 Т/х «Сүлеймен сұлтан»
18.00 Т/х «Фазилет ханым»
20.00, 01.00 «Астана таймс»
22.30 Т/х «Қарындасым қарлығашым»
01.50 Т/х «1001 түн»
04.30 «Q travel»
05.20 «Сырты бүтін»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Жалғыз жауқазын»
07.00 «Қайырлы таң»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15 «112»
14.30 «QOSLIKE»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Көреміз»
20.00 «Главные новости»
20.40 Т/с «Условный мент»
00.40 «Воскресенский»
03.00 «112»
03.15 «Басты жаңалықтар»
03.45 Жалғыз жауқазын»

КТК

07.05 «КТК қоржынынан»
07.20 «Дау-дамайсыз»
07.50 Т/х «Журналист»
09.40 Сериал «Расплата за любовь»
11.50 «Раненное сердца»
15.50 «Небеса подождут»
17.00 Т/х «Бақыт жолында»
18.10 «Әулеттер тартысы»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.20 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
21.00 Вечерние новости
21.40 «Шеф-5»
00.00 «Игра. Реванш»
01.40 «Худшая подруга»
03.05 «Мама Miа»
04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Жүрек сөзі»
11.45 «Спорт» (әдіс)
11.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
11.53 «Тұғырдағы тұлға»
12.00 «Қазақ үні»
12.35 «Полицейская служба»
12.45 «Жетісудың ақын-жыраулары»
13.00 «Олжа»
13.30 «Ән тыңдайық»
14.00 «Талқы»
14.50 «Тарихнама» (қазақ хандары)
15.00 «Зейнеп апа әңгімелері»
15.30 «Әсем әуен»
16.30 «Сильные духом»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Жанашыр» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Қазақ тілі»
20.00 «Әдебиет пен адамзат»
20.15 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Ән тыңдайық»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бүгінгі дің»
22.30 «Әсем әуен»
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
06.50 Неге?
07.50 М/ф «Тайна Мосли»
10.00, 13.00 М/ф «Маша и медведь»
11.30, 21.00 «Ханшайым»
13.00 Сериал «Құзғын»
14.00 М/ф «Тимон и Пумба»
15.30 «Кухня»
16.30 «Астерикс и Обеликс в Британии»
19.00 «Кухня»
20.00 Информбюро
22.40 Худ/ф «Заложница-2»
00.40 Х/ф «Волк»
02.40 Кел, татуласайық!
04.40 Whats upp?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.10 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 15.00 «Ерке мұң»
10.00 «Келесі кім?»
10.30 «Орел и решка»
11.30 Худ/ф «Семьянин»
14.00 Т/х «Гудия»
16.00 «Q-Елі»
16.40 «Тайны госпожи Кирсановой»
17.40 «А у нас во дворе-2»
19.00 «Студия 7»
19.30 Сериал «Балабол-3»
21.40, 03.10 «Ағайындылар»
23.00, 04.20 Т/х «Сезім симптомдары»
00.15 Jaidarman live 1/4 финал
01.30 Худ/ф «KZландия»

Открылось наследство после смерти гр. Андабаева Бекмурата Ахметкалиевича, умершего 11 апреля 2021 года. Прошу наследников и заинтересованных лиц, обращаться к нотариусу Бекішбаеву А. С., по адресу: Алматинская область, город Талдыкорган, улица Шевченко, дом 146/4, телефон : 41-37-73, в течении месяца

Сейсенбі - Вторник, 16 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Ауылдастар»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 03.35 Aqparat
07.00 «ТАҢШОЛПАН»
10.10, 18.00 Т/х «Тағдыр жалыны»
12.00 Т/х «Ақ жауын»
12.55, 21.30 Т/х «Күйеу бала»
13.10 «Qyzyq Eken»
14.00 «Теледәрігер»
15.15 «Talpyn»
15.50, 23.30 Т/х «Қазақ елі-2»
17.15 «Qyzyq eken»
20.35 «Ashyq alan»
00.25 «Сана»
01.30 Футбол-2022. Финляндия- Франция

ХАБАР

05.00, 16.00 «Застава»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 Д/ф «Бросить вызов судьбе»
10.45 Әсем Әуен
12.00, 23.30 «Бәсеке-2»
13.00, 21.30 Т/х «Шайқалған шаңырақ»
14.00, 22.30 «Пәленшеевтер-4»
15.00 «Большая неделя»
18.00 Мегахит
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Тарих айнасы»
21.00 Итоги дня
00.45 «Discovery : червоточину с Морганом Фрименом»

АСТАНА

06.00 «Ұрланған тағдыр»
06.45 Үздік әзілдер
07.00 М/ф «Маша и медведь»
09.30, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
11.00, 21.00 Т/х «Қара ниет-2»
12.15, 23.30 «Жауынгер»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 Д/ф «Формула личности»
15.40, 03.30 «Қарлығаш» күзет агенттігі
16.35 Т/х «Сүлеймен сұлтан»
18.00 «Фазилет ханым»
20.00, 01.00 «Астана таймс»
22.30 «Қарындасым қарлығашым»
01.50 «1001 түн»
04.30 «Q travel»
05.20 «Сырты бүтін»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Жалғыз жауқазын»
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15 «112»
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 02.50 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Көреміз»
20.00 «Главные новости»
20.40 Сериал «Условный мент»
00.40 «Воскресенский»
03.00 «112»
03.15 «Басты жаңалықтар»
03.45 «Жалғыз жауқазын»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Журналист»
08.20 «Бақыт жолында»
09.40 Новости
10.20 «Было дело»
11.10 «Игра. Реванш»
13.30 «Шеф-5»
15.50 «Небеса подождут»
17.00 Т/х «Бақыт жолында»
18.10 «Әулеттер тартысы»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
21.00 Вечерние новости
21.50 «Шеф-5»
00.10 «Игра.Реванш»
01.50 «Худшая подруга»
02.30 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
03.15 «Mamma Mia»
04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Ұлт құндылығы»
10.30 «Қазақ тілі»
11.00 «Жанашыр»
11.45 «Спорт» (әдіс)
11.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
11.53 «Тұғырдағы тұлға»
12.00 «Шашу»
12.45 «Жетісу батырлары»
13.00 «Әдебиет пен адамзат»
13.30 «Ән тыңдайық»
14.00 «Әсем әуен»
14.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
15.00 «Безбен»
15.30 «Бүгінгі дің»
16.30 «Единый народ»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Дәрігер кеңесі» / тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Сегодня» /прямой эфир/
20.00 «Тәуелсіздік тұлғалары»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Арнайы репортаж»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Сүйінбай атындағы филармония» концерті
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00, 04.00 Әзіл студио
06.40 Информбюро
07.40 «Жанкешті ханымдар»
10.00 М/с «Маша и медведь»
11.30, 21.05 Сериал «Ханшайым»
13.00 Сериал «Құзғын»
14.00 М/с «Тимон и Пумба»
15.00 Сериал «Кухня»
16.00 Экстрасенсы-детективы
17.00 Х/ф «Пастырь»
19.00 Сериал «Кухня»
20.00 Информбюро
21.00 Zeinet.kz
22.40 «Достопочтенный джентльмен»
00.10 31 әзіл
02.00 Кел, татуласайық!
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.20 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 15.00 «Ерке мұң»
10.00, 17.40 Т/с «А у нас во дворе-2»
11.15 Т/с «Балабол-3»
14.00 Т/х «Гудия»
16.00, 02.50 «Q-елі»
16.40 «Тайны госпожи Кирсановой»
19.00 «Студия 7»
21.40, 03.10 «Ағайындылар»
23.00, 04.20 «Сезім симптомдары»
00.15 Jaidarman live 1/4 финал
01.30 «Тайная жизнь моего секретаря»

Открылось наследство после смерти Кочиновой Нины Платоновны, умершей 14 ноября 2006 года. Наследникам обращаться к нотариусу Бекішбаеву А.С., город Талдыкорган, улица Шевченко, дом 146/4, телефон : 41-37-73, со дня выхода объявления в течении месяца.

Сәрсенбі - Среда, 17 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Ауылдастар»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00,17.00, 20.00, 01.30 Aqparat
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Тағдыр жалыны»
12.00, 21.30 Т/х «Күйеу бала»
13.10 «Qyzyq eken»
14.00 «Теледәрігер»
15.15, 03.45 «Келбет»
15.50, 23.30 Т/х «Қазақ елі-2»
17.15 «Qyzyq eken»
20.35 «Ashyq alan»
22.30 Т/х «Жат мекен»
00.25 «Сана»
02.05 «Ashyq alan»
02.55 «Теледәрігерлер»

ХАБАР

05.00 «Застава»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Бросить вызов судьбе»
10.45 Әсем әуен
12.00 Т/х «Бәсеке-2»
13.00, 21.30 «Шайқалған шаңырақ»
14.00, 22.30 Т/х «Пәленшеевтер-4»
15.00 «Бүгін»
16.00 «Прорыв»
18.00 «Мегахит»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Отдел журналистских расследований»
21.00 Итоги дня
23.30 Т/х «Шашу»
00.45 «Discovery : Сквозь червоточину с Морганом Фрименом»

АСТАНА

06.00 «Ұрланған тағдыр»
06.45 Үздік әзілдер
07.00 М/ф «Маша и медведь»
09.30, 22.00 «Үзілген моншақ»
11.00, 21.00 «Қара ниет-2»
12.15, 23.30 Т/х «Жауынгер»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «Формула личности»
15.40, 03.30 «Қарлығаш» күзет агенттігі
16.35 «Сүлеймен сұлтан»
18.00 Т/х «Фазилет ханым»
20.00, 01.00 «Astana times»
22.30 Т/х «Қарындасым қарлығашым»
01.50 Т/х «1001 түн»
04.30 «Q travel»
05.20 «Сырты бүтін»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Жалғыз жауқазын»
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан»
09.00 «Доброе утро, Казахстан»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15 «112»
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 03,15 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Көреміз»
20.00 Главные новости
20.40 Т/с «Условный мент»
00.40 «Воскресенский»
03.00 «112»
03.45 Т/х «Жалғыз жауқазын»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 «Журналист»
08.20 «Бақыт жолында»
09.40 Новости
10.30 Было дело
11.10 «Игра. Реванш»
13.30 «Шеф-5»
15.50 «Небеса подождут»
17.00 Т/х «Бақыт жолында»
18.10 «Әулеттер тартысы»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Шеф-5»
00.00 «Игра. Реванш»
01.40 «Худшая подруга»
02.20 «Астарлы ақиқат»
03.05 «Mamma mia»
04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Полицейская служба»
10.30 «Сегодня»
11.00 «Дәрігер кеңесі»
11.45 «Спорт» (әдіс)
11.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
11.53 «Тұғырдағы тұлға»
12.00 «Шашу»
12.45 «Жетісудың ақын-жыраулары»
13.00 «Тәуелсіздік тұлғалары»
13.30 «Ән тыңдайық»
14.00 «Арнайы репортаж»
14.50 «Тарихнама» (қазақ хандары)
14.57 «Жүрек сөзі»
15.30 «Әсем әуен»
16.20 «Қателік» №2 бастап қайталау
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир/
20.00 «Алматы облысы - 20 жыл (20 тұлға)
20.10 «Тұғырдағы тұлға»
20.15 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Әсем әуен» (дәстүрлі әндер)
21.30 Итоговые новости
22.00 «Жүрегімнің жылуы» концерті
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00, 04.00 Әзіл студио
06.40 Информбюро
07.40 «Жанкешті ханымдар»
10.00, 15.00 М/с «Маша и медведь»
11.30, 21.00 Сериал «Ханшайым»
13.00 «Құзғын»
14.00 М/с «Тимон и Пумба»
15.20 Сериал «Кухня»
16.20 «Достопочтенный джентльмен»
18.50 Сериал «Кухня»
19.55 Пенсия.kz
20.00 Информбюро
22.40 «Обмануть всех»
00.50 31 әзіл
02.00 Кел, татуласайық!
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.20 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, Қазақстан»
09.00, 15.00 Т/х «Ерке мұң»
10.00 «А у нас во дворе-2»
11.15, 19.30 «Балабол-4»
14.00 Т/х «Гудия»
16.00, 02.50 «Q-Елі»
16.40 «Тайны госпожи Кирсановой»
17.40 Сериал «Московские тайны»
19.00 «Студия 7»
21.40, 03.10 «Ағайындылар»
23.00, 04.20 Т/х «Сезім симптомдары»
00.15 Jaidarman live 1/2 финал
01.30 «Тайная жизнь моего секретаря»

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АШЫҚ ӘҢГІМЕ

ЖАСТАР – ҚОҒАМНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

ӨТКЕН ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША «ҰЛТТЫҚ ЕРІКТІЛЕР ЖЫЛЫ» БОЛЫП ЖАРИЯЛАНҒАНЫН КӨПШІЛІК ЖАҚСЫ БІЛЕДІ. 2019 ЖЫЛЫ ҚОСТАНАЙДА ӨТКЕН ЖАСТАР ФОРУМЫНА ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ АРНАЙЫ ҚАТЫСЫП, СӨЗ СӨЙЛЕДІ: «СІЗДЕР – ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫСЫЗДАР. ҚАЗАҚСТАН – ЖАСТАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТІ. БІЗДІ ӘЛЕМНІҢ ӘР МЕМЛЕКЕТІ ТАНИДЫ, БІЗБЕН САНАСАДЫ. БҰ ЕЛДІҢ ТАРИХИ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ БІРІ ЕМЕС ПЕ!? ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ РЕТІНДЕ ВОЛОНТЕРЛЕРДІҢ ҚОЗҒАЛЫСЫН ӘРҚАШАН ҚОЛДАЙТЫНЫМДЫ ЖЕТКІЗЕМІН», – ДЕДІ. ОСЫ РЕТТЕ ЖАС БОЛСА ДА ӨЗІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІНІҢ, БЕЛСЕНДІЛІГІНІҢ АРҚАСЫНДА ТАЛДЫҚОРҒАН АЙМАҒЫНДА БІЛІКТІ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН КӨЗГЕ ТҮСІП ЖҮРГЕН АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ЖАСТАР САЯСАТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ ЕЛДАР ҚАЙСАРҰЛЫ САПАРОВҚА ЖОЛЫҒЫП, АЙМАҚТАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІ ТУРАЛЫ БІРАЗ ӘҢГІМЕЛЕСКЕН ЕДІК.

– Алматы облысында 14 пен 29 жас аралығындағы жастардың саны 392 855 адам. Оның ішінде ауылдық жерлерде – 312 668 болса, олар жастардың 79,6 пайызын құрайды. Ал қалалық жерлерде – 80 187 адам, немесе 20,4 пайызға тең. Бұл дегеніңіз аймақ жастарының күн санап өсіп отырғанын байқатады. 2021 жылдың 1 қаңтарына облыстың жұмыспен қамту органдарына 29 жасқа дейінгі жастар қатарынан жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен 16767 адам қамтылды. Жұмысқа 20063 жастар орналастырылды. Облысымызда жастарды жұмыспен қамтудың үш бағыты бойынша жүзеге асырылады. Атап айтқанда, бірінші бағыт шеңберінде жұмысшы кадрларды даярлау үшін еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптер бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға жастар қатарынан 666 адам жіберілді. Екінші бағыт аясында 176 адамға кәсіптік бизнесін дамыту үшін шағын несие алуына қолдау көрсетілді. Сонымен қатар жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін 29 жасқа дейінгі жастар арасынан 608 адамға грант берілді. Сол сияқты үшінші бағыт бойынша жастардың негізі қоғамдық жұмысқа тартылады. Мысалы өткен жылы 5916 адам жаңа жұмыс орнымен қамтылса, жастар практикасына 1932 түлек және әлеуметтік жұмыс орындарына 228 адам бөлінді. Халықты жұмыспен қамту орталықтарына жүгінгендердің ішінен тұрақты жұмыс орындарына орналасқан жастардың үлесі 71,4 пайызды құрайды.

– Облыс жастарының волонтерлік қозғалысқа кеңінен тартылып, олардың белсенді жұмыс атқарғандарынан да хабардармыз. Осы жағын кеңірек қамти кетсеңіз?

– Расында өзіңіз байқағандай өткен жылы облыс жастары пандемия сияқты індетке қарамастан жұмыла жұмыс істеп, өзгелерге үлгі көрсете білді. Ерікті жастарымыздың біразы жаңа ғасырдың батыры атанды. Өткен жылдың желтоқсан айында Волонтерлер жылының жабылу рәсімінде Президент Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында жалпыұлттық деңгейде «Қайырымды істер марафоны» ұйымдастырылатынын айтты. Жастарға қызмет көрсету орталығында «Мейірімді Жетісу» облыстық фронт-офисі ресми ашылды. Азаматтарды волонтерлікке тарту, көмекке мұқтаж жандарға әлеуметтік көмек көрсету мақсатында жұмыстар қолға алынды. Он жеті аудан мен үш қалада өңірлік фронт-офистердің қызметкерлері еріктілерді көбірек тарту үшін белсенді үгіт-насихат жұмыстарын кеңінен жүргізуде. Облысымыздың волонтерлік топтары өздеріне жүктелген жауапкершілікті тереңнен сезініп, бірінші күннен бастап жұмылған жұдырықтай еңбек етуде. Пандемия дертінің өршіп тұрғанына қарамастан демеушілерді кеңінен тартып, 30 000-нан астам отбасыға әртүрлі қажетті көмектерді көрсетті. Жүз мыңнан астам адамға бетперде таратып, тоғыз мыңға жуық қайырымдылық акцияларын ұйымдастырды. Нәтижесінде өңірдің белсенді 15 волонтері Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық алғысы» медалімен марапатталды.

Биылғы жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы аясында «Қайырымды істер марафоны» жалпыұлттық жобасы ойдағыдай жүзеге асуда. Жоба аясында азаматтарды қайырымдық жасауға тарту, волонтерлікті одан әрі жалғастыру мақсатында әртүрлі ақпараттық насихат жұмыстары да атап өтерліктей. Жыл басынан бері еріктілер ұйымының саны 95 бірлікті құрап, еріктілердің саны жеті мыңнан асты. Жастардың бастамаларын қолдауға арналған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс көлемі екі есеге көбейтіліп, үстіміздегі жылы бөлінген қаржы көлемі 76 миллион теңгеге жетті. Мемлекет басшысы айқындаған еріктілердің жеті бағыты және «Қайырымды істер марафоны» аясында облыста 1216 акция өткізілді. Мұқтаж болған 75 отбасы баспаналы болып, 9 мың отбасына 170 миллион теңгеге азық-түлік себеттері таратылды. «Біргеміз Таза әлем» жобасы аясында 50 мың адамның қатысуымен 134 экологиялық акция ұйымдастырылып, 41,8 мың түп ағаш отырғызылды. «Egov – жаршысы» жобасы бойынша 100 ерікті өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштарында қызмет атқарды.

Төтенше жағдай кезінде облыс еріктілері мұқтаж жандарға жедел көмек көрсетіп, жоғары азаматтық ұстаным танытты. Шілде айының 9-11 күндері Қапшағай қаласындағы «Балдәурен» оқыту-сауықтыру орталығында «Қайырымды істер марафоны» жалпыұлттық жобасы аясында санитарлық-эпидемиологиялық талаптарын сақтай отырып, «ASYL JUREK» ең үздік волонтерлік топтар көшбасшыларының дәстүрлі республикалық слеті ұйымдастырылды. Аталған игілікті іс-шаралардың барлығы да жастардың саяси әлеуетін көтеруге, бастамаларын қолдап, дамытуға және жаңа бағыттарға жол сілтеуге арналады.

– «Жасыл ел» бағдарламасында негізінен жастардың жұмыс істейтінін жақсы білеміз. Олардың бүгінгі таңдағы аяқ алыстары қандай, сол туралы да баяндай кетсеңіз болар еді?

– «Жасыл ел» бағдарламасы да өзінің өміршеңдігімен қоғамда өзіндік орнын ойып алды десекте болады. Өткен жылы Алматы облысында «Жасыл ел» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында 60 миллион 123 мың теңге және республикалық бюджеттен 91 миллион 457 мың теңге бөлінді. Бағдарлама қатарына жұмыссыз жүрген жастар, студенттер, көп балалы, аз қамтылған отбасылардан шыққан, жетім және ата-анасының қамқорынсыз қалған, мүмкіндігі шектеулі топтардан шыққан жастар кеңінен қамтылып, жұмыс істеді. Жасақшылардың саны 1914-тен асты. Азаматтық қоғам иниституттарының дамуы үшін мемлекет бұл процестің жасампаздық сипатта өрбуіне, азаматтардың саяси белсенділік танытуына қажетті жағдайлар жасап, қолдауы қажет-ақ. Бұл тұрғыда Алматы облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы жұмысының негізгі бағыттарының бірі жастардың үкіметтік емес ұйымдармен жұмыс жүргізу болып табылады. Өңірде 70 жастардың бірлестіктері тіркелсе, оның ішінде аса белсенділері 25-і жастардың үкіметтік емес ұйымдары екенін атап өткеніміз жөн. Өткен жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырысқа жергілікті 31 миллион теңге бөлінген болатын. Бүгінгі таңда 6 лот бойынша конкурстар өткізіліп, жобаларды жүзеге асыру жұмыстары атқарылуда. Реті келгенде айта кетсек, Облыстағы «Баракат» волонтерлік қозғалысы қиын жағдайға тап болған адамдар мен отбасыларға көмек көрсетуді ойдағыдай қолға алып, өзгелерге өнеге болып отыр. Қозғалыс басшысы Нұртуған Әсем коронавируспен батыл күрескені үшін Қазақстан Республикасы Президентінің «Халық алғысы» медалімен марапатталды. Сол сияқты «Жетісу еріктілері» қозғалысы «Ардагерлерді ардақтайық», «Біздің күш бірлікте», «Жақсылық жасауға асығайық», «Жүректен жүрекке», «Біз біргеміз» сынды іс-шаралардың барлығына да қолдау көрсетіп, белсенді атсалысуда. Қозғалыс жетекшісі Жазель Дакубаева Алматы облысы әкімінің «Үздік ерікті – 2019» сыйлығының иегері атанды.

– Еліміздің болашағы жастардың қолында деген сөзді соңғы кездері жиі айтатын болдық. Соған қарағанда жастарымыз қоғам өміріне де белседі араласа бастаған сыңайлы. Бұл туралы не айтар едіңіз?

– Өте орынды сұрақ. Жастарымыздың мемлекет ісі мен қоғамдық өмірге де белсенді түрде араласа бастағаны да рас. Мысалы аудандық және қалалық мәслихаттардың 65-і, ал облыстық мәслихаттағы 37 депутаттың 6-ы жастар. Яғни, бүгінгі таңда барлығы 71 жас депутатымыз бар. Оларды халықтың өзі сайлағандар. Осы жағдайды ескере отырып, жастармен тұрақты түрде байланыс жасап, түйткілді мәселелерінің шешімін табуға үлес қосатын «Облыстық жас депутаттар» лигасын құрдық. Келесі кезекте назарларыңызды мына мәселеге бұрғым келеді. Еліміз егемендігін алған күннен бергі уақытта өңіріміздегі балалар үйінен 1541 түлек өмірге жолдама алған екен. Олармен тығыз байланыс орнатып, қоғамда өз орнын табуға, тұлғалық дамуына қолдау көрсету өзекті мәселеміздің бірі. Осы ретте біз «Алматы облысының балалар үйі түлектерінің» қауымдастығын құруды жөн көрдік. Қауымдастықтың мақсаты балалар үйіндегі және және постинтернаттық өмірді қадағалауға, балалар үйінен шыққан түлектер-ді жұмыспен қамтуға және психологиялық тұрғыда қолдау көрсетуге бағытталады. Келесі назарларыңызға ұсынатын жобалар жастардың бос уақытын тиімді үйлестіру, маргинал және NEET санатындағы жастармен жұмыс жүргізу және жастарды әлеуметтендіру бағытына негізделген. «Namys» жобасы аясында танымал спортшылармен кездесулер, шеберлік сағаттары ұйымдастырылады. Мысалы Токиода өткен Олимпиада ойындарында Қазақстан халқының атын шығарып, қола жүлдегерлер атанған ауыр атлеттер Зульфия Чиншанло мен Игорь Сонның және Алматы облысы әкімінің «Көшбасшы» жастар сыйлығының «Үздік жас спортшы» номинациясын, сондай-ақ, грек-рим күресінен Азия чемпионы Демеу Жадыраевпен кездесудің орны кімге болса да тым ерекше екені анық.

Тағы бір жерлесіміз – Назарбаев зияткерлік мектебінің 12 сынып оқушысы, әлем бойынша 55 мың үміткердің ішінен топ жарып, Гарвард университетінің оқу грантына ие болған Сезім Ертаңатовтың ерен еңбегі қай жасқа да үлгі-өнеге болғандай емес пе?! Ол өзінің арман-мақсатына табанды еңбегі мен талантты білімінің арқасында қол жеткізді. Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің жарқын болашағы білімді де білгір жастардың қолында. Жетісулық жастарымыздың қол жеткізген жетістіктері мұнымен шектелмейді. Айта берсек оның саны шектеусіз дер едім. Жастарымыз қоғамның қозғаушы күші ретінде озық идеяларымен қаруланып, еліміздің дамып, өркендеуіне барынша өз үлестерін өлшеусіз қосып отырғандарына сенімдімін. Жастардың қоғамдағы ерен еңбегін бағалаған облыс әкімі Амандық Баталовтың бастамасымен аудандарда Жастарға қызмет көрсету орталықтары бой көтермек. Мұнда көрегенді бастама Жетісу жастардың жігеріне жаңаша серпін берері де даусыз.

Мәулетхан АҚСАНОВ,
«Қазақ спорт газетінің өз тілшісі.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕРЕЙ

Есімі алты Алашқа мәлім, Қалиев Серік Мақұлбекұлын білмейтін қазақ кемде-кем шығар. Өткен ғасырдың 1984 жылдары көмескіленіп қалған айтыс өнері телевизиялық экранға шыққанда, жасындай жарқылдаған бозбала ақындық өнерімен елді тәнті етіп, Республикаға танылa бастайды. Айтыс пен поэзияның тізгінін тең ұстаған абзал азамат та алпыс дейтін асқаралы шыңға ту қадап тұр.

Алпыс дегенің алты-ақ күндік жол екен

1961 жылы 16 тамызда Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Амангелді ауылында дүниеге келген. Амангелді орта мектебін 1978 жылы бітіріп, Жамбыл Гидро-Мелиорация Құрылыс Институтының «Ауыл құрылысы» факультетіне түсіп, 1983 жылы жоғары білім алып, еңбек жолын құрылысшы болудан бастаған. Ұлттық өнерiміз айтыстың жандануына сүбелі үлес қосып, ірге тасын қаласқан Серік Қалиев тек қана айтыскер емес, сан-салалы мамандықты меңгерген, шәкірт тәрбиелеуде өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Ол баулыған айтыскерлер Айтмұхамбет Исақов (Мұхамеджан Тазабектің ұстазы), Айнұр Тұрсынбаева, Ахметжан Өзбеков және т.б. шәкірттер аламан айтыстарда топ жарып жүр. Өнер мен шығармашылық жолына біржола ден қойған ақын мәдениет, БАҚ салаларында, көркем және деректі фильмдер шығарумен үзбей айналысып келеді. «Хабар» арнасында «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» және «Қазақстан» Ұлттық телеарналарында «Шынның жүзі» атты бағдарламалардың авторы. Оның қаламынан туындаған «Жұлдыз-сезім» (1992 жыл), «Ақмоншақ» (1997 жыл), «Егіздің сынары» (2000 жыл), «Ғашық хат» (2001 жыл), «Иманым менің – жиғаным» (2007 жыл), «Алла діні – аманат» (2008 жыл), «Болашаққа хат» (2014 жыл), «Ынтымаққа ынтығу» (2014 жыл), «Жүздесу» (2016 жыл), «Ұлтыңды сүйсең...» (2016 жыл), «Көңіл терезесі» (2017 жыл), «Ақын жолы», «Атадан жақсы ұл туса», «Жерұйық» (2017 жыл), «Жақсы адамдар» (2019 жыл), «Біз әлі кездесеміз» (2021 жыл), үш томдық «Таңдамалы» жыр жинақтары және мақал, ғибратты әңгімелері жарық көрген.

«Жүйрікте де жүйрік бар, қазанаты бір бөлек, жігітте де жігіт бар азаматы бір бөлек» деген тәмсіл сөзді жадына түйіп өскен жандар достықтың, азаматтықтың қадірін ісімен дәлелдегендер арқылы қадір тұтады. Айтыс сахнасындағы әріптесім, замандасым Серік Қалиев өнерге бізден бұрын келді. Сонау 1984 жылдары бастау алған ақпа-төкпелік жыр сайысы көгілдір экранға шығып, Жүрсін Ерманның Республиканың әр өңірінен айтысқа бейімі барларды шырақ алып іздеп кеткен кезі болатын. Ол дәуірде айтыс ақындары Манап Көкенов, Көкен Шәкеев, Қалихан Алтынбаев, Көпбай Омаров, Әсемхан Қосбасаров, Әбікен Сарыбаев сынды аға буын саңлақтардың өзі алпыс-жетпісті алқымдап қалған ақтангерлер еді.. Жасыратыны жоқ, айтыстың алғашқы көшінде облысаралық айтыстарда ақсақалдар шоғыры басым болды. Құм астынан алтын іздегендей жастардың жалт ете қалуы, әлімсақтан келе жатқан ұлттық өнермен бұқара халықтың қауышуы, шөліркеген елдің қайнар бастауға лап қойған кезеңі осы – 1984 жылдары басталды. Оңтүстіктен – Әселхан Қалыбекова, Қостанайдан – Әсия Беркенова, Торғайдан – Қонысбай Әбілов, Көшетаудан – Баянғали Әлімжановтардың арасында қияқ мұрты тебінген, қыран тұмсықты Серік Қалиевтің Республикалық айтыста, ҚазҰУ-дың студенті Оралдық Әлима Сабыровамен айтысы көптің көңілен шықты.

«Армысың Әлима қыз Казгудегі,
Еседі жанарыңнан жаздың лебі.
Есіме ертерек шақтар түседі ылғи,
Қыздардың естілгенде назды үндері.
Байқаймын сенде өнерге құштар жансың,
Қуана талабыңды құптар халқың,
Казгу-де зачет алып жүргеніңдей,
Айтысқа жарамайды шпаргалкың.

Үніңді құлақта естір, жүректе естір,
Гүлімді қалайша мен жыр етпеспін
Алғашқы айтыстағы емтиханды,
Тек беске тапсыруға тілектеспін» , – деп табанда суырып салып айтудың жастар арасында үлгісін көрсеткен де, осы Серік Қалиев еді.

Ардагер айтыскерлер арасында көшке ерген тайлақтай өзіндік үнімен, сөз саптау мәнерімен жұрт назарына ілікті. Әсия, Әселхан, Қонысбайлардан әлдеқайда жасы кіші болсада буырқанған бурадай отты жырлары, қыз-жігіт айтысында Әлиманы әудем жерге апарып тастаған-ды. «Ел іші, өнер кеніші» дегендей, шам түбіндегі жылтылдаған білтедей жана-жана жалындай бастаған айтысқа елдің аңсары ерекше ауды. Алматыдағы Республика сарайы аузымұрынынан шығып, халық сыймай жататын. 1987 жылы комсомол комитетінің ұйымдастырумен жастар арасында Қазақ радиосы «Ұшқын» бағдарламасы ұйымдастырған республикалық айтыс өтті. Осы айтыста мен Талдықорған облысының атынан тікелей эфир арқылы, әйгілі сазгер, ақын, Казгу-дың студенті Табыл Досымовпен айтыстым. Ол Алматы қаласының намысын қорғады. Кейіннен айтыстың соңғы қорытындысы бойынша үшінші орын алып, жүлдені алу үшін Қазақ радиосына барғанымда Серік Қалиев, Шорабек Айдаровпен таныстым. Сол жылдың күзінде комсомолдың 70 жылдығына орай Қызылорда облысында тағы жүздестік. Біздің достық қарым-қатынасымыз осылай басталған-ды. Одан кейінгі сан айтыстарда Серіктің ұшқыр ойлы таланты, тас жарар ақындығына сан мәрте куә болғам. Серік тек қана айтыскер емес, лирик ақын. Ел арасында «Серік пен Шорабек», «Есенқұл» айтыпты дейтін қағытпаларды бүгінгі той басқарып жүрген асабалардың бәрі айтып жүр.

Тоқсаныншы жылдардың бас жағында Тараз қаласында Есенқұл мен Шорабектің жекпе-жек айтысы дүркіреп өтті. Екі ақынның айтысына елдің құмары тарқамай, жалғасын Жамбыл ауданы көрсін деген ниетпен жігіттер ауданда айтыс ұйымдастырады. Ол кезде қазіргідей құжынаған көлік жоқ, жамбылдық ақындардың арасындағы жалғыз көлік Серік Қалиевте болған ғой. Оның өзі, екі аяқты мотоцикл. Соған ең құрметті қонақ Есенқұл міңгесетін болыпты да, қалған ақындар автобуспен жол тартыпты. Рөлде – Серік, артына міңгескен Есенқұл, Серіктен сұрап алған рюкзагына домбырасын салып алып, екеуі құстай ұшыпты. Көңілденген Есенқұл:

«Ұшады Серік мінген мото құстай,
Мотоға Серік мінсе хас арыстай.
Жабысып артында оның мен отырмын,
Балыққа бара жатқан мас орыстай», – деп өлеңдетіп келе жатқанда мотоцикл өшіп қалыпты. Быркылдаған көлігінің ауруын жақсы білетін Секең свечасын тазалап, қайта оталдырып ызғытып бара жатса, көл маңайында балық аулаған орыстарды көрген Серік:

«Бұл мото талай жерге ұрып барды,
Ауылдың шетіне кеп тұрып қалды.
Артымдағы көк көзді сені көріп,
Іштері орыстардың жылып қалды», – десе, іліп алған Есенқұл:

«Илейді мотоцикл тасты құмдай,
Зулайды мотоцикл жастығымдай.
Ілініп оған әрең мен отырмын,
Бүгінгі орыс-қазақ достығындай», – деген екен. Міне, ағамен інінің жарастығы.

Өнерге, өлеңге, достыққа деген адалдықтары сүт бетінде қалғыған қаймақтай қалың болды. Серіктің айтыстарының өзі бір шоғыр. Бос сөз айтпайтын, қалжыңы қазыкарта жегізгендей езу тартқызатын. Бірде республикалық наурыз айтыста, көкшетаулық құлагер ақын Құдайберлі Мырзабековпен саз қағыстырады. Қалың орыстың ортасынан келген Құдайберліге:

Атыңды ауылыңда Коля дейді.
Бізде оны Құдайберлі бала дейді.
Коля боп біздің үйге кіріп барсаң,
Жеңешең бетін шымшып оля дейді, – деп, тіл мәселесін сонау тоқсаныншы жылдары ақындардың алды болып қозғаған-ды. Сол мемлекеттік тіл мәселесі Тәуелсіздік алғанымызға 30 жыл болса да, тұғырға қона алмай, жиындарда күн тәртібінен, айтыстарда ақындардың аузынан түспей келе жатқан жоқ па? Қарсыласқа қалжыңдап отырып-ақ, әлеуметтік мәселені майдалап жеткізетін. Өзінің жерлесі сазгер, ақын Үміт Битенова егіз баланы өмірге алып келіп, аяқ-қолын бауырына алып, шираған соң айтысқа түсіп, қарсыласы Серік болып шығыпты. Сондағы Секеңнің айтқаны:

Үмітжан не білесің, не білесің,
Жеңемін деп Серікті желігесің.
Жинап-жинап баланы бірақ туып,
Қайта-қайта тууға ерінесің, – деген ғой. Қыз бен жігіт арасындағы әдемі қалжың, сыйластықтың осындай-ақ болатын шығар. Айтыстың көркемдігіне, сөзінің салмақты болуына аса мән беретін. Қайсібір айтыскерлердей қарсыласты келсін-келмесін қағытып, көңілін жасыту, жүлде үшін өнешін жыртып, тамыр-таныс іздеп шабылу Серікте болған емес. Өттең айтыстан ерте кетіп қалды. Ертерек кеткенінің себебі де бар шығар. Саф алтындай таза өнердің лайланып, жаттандылыққа ойысып бара жатқанын, дүние үшін дүрбелеңге түсіп жүрген кейінгі толқындардың, отыз-қырықты алқымдаған ағаларын шалсың, – деп, жастардың арасында негіп жүрсің деген сынаржақ пікірлерін естігісі келмегендіктен кетті ғой деп пайымдаймын. Есесіне артынан қаншама шәкірттер баулып шығарды. Оларды балапан кезінен қанатын қатайтып, тұғырға қонған қыранға айналдырды.

Айтыстың аққуына айналған Айнұр Тұрсынбаеваның айтыстағы жеткен жетістіктерінің бәрінде ұстазы Серік Қалиевтың зор үлесі бар. Айтмұхамет Ысқақов, Ахметжан Өзбеков те осы Серіктің төл шәкірттері. Ол тек қана айтыскерлер дайындап, қосып қана қойған жоқ. Одан тәлім алған шәкірттерінің

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕРЕЙ

бәрі «екі тізін бір шылбырды тең ұстаған» айтыскер әрі поэзияда өнімді өлеңдер жазып жүрген хас жүйріктер. Серіктің айтыстары туралы таңды-таңға ұрып айтуға да, құлаш-құлаш мақала жазуға да болар еді. Мен осының бір екі мысалын ғана нысанаға алып отырмын. Серіктің тағандарының өзі бір том болған шығар. Оның «Жалған», «Үй сатам» деген төрт шумағына зер салыңызшы.

Дос емес жұрттың бәрі бірге жүрген,
Жарасып бірге ойнап-күлгеніңмен.
Асығың алшысынан түсіп тұрса,
Жаныңа үймелейді кім көрінген, – немесе

Ғұмырды сүрсеңде сен мен сүрмеген,
Күйіме түр көрсетпе менсінбеген.
Үйім арзан болғанмен, көршім қымбат,
Үйімді бірге сатам көршімменен, – дейді

«Үй сатам» деген өлеңінде. Оқырманын бейжай қалдырмайтын, не жазса да өндіріп жазатын Серік, айтыстан кеткен соң поэзияға біржола ден қойды. Сан-салалы шығармашылық жұмыстармен айналысты. Айтыстағы жіберген есесін поэзиядан алды. Оның жазған тағылымды-тәлімді жырларын білім ұясында сабақ беретін ұстаздар аңғарып жүр ме, жоқ па, ол жағы маған беймәлім. Тек ұстаздар ғана емес, интернет желілерінде біріне-бірі зәрін шашып жүрген жас та, жасамыс та, «Қарға мен бұлбұлды» бір оқыса ойға шомбай қаламасы хақ!

Жаман боп шықса досы кімде-кімнің,
Күнәға бата берер күнбе-күн мың.
Әркім өз лайығын жағалайды,
Қонады қарға қиға, гүлге бұлбұл, – дейді.

«Аяныштағы» деген тәмсілді жырына назар аударып көріңіз.

«Тауық құс емес, жалқау кісі емес» – деп айдарлап алып толғайды.

Болсада руы мен ұлты қандай,
Құрметті болмас адам құлқыны оңбай.
Жалқау мен жасық қана өмір бойы,
Өтеді арманына ұмтыла алмай.

Әркімінің жетегінде жүрер жаман,
Өз басын алып жүрер ырқы болмай.
Ойға алған мақсатына қадам жаса,
Шошымай көп ішінде кірпі бардай – деп құлқын үшін құл болғандарға, әркімнің жетегінде жүрген жасықтарды мінейді, қамшылайды. Жалпы, оның жырларына баға берер мен сыншы емеспін. Тек қана тәлімді-тәмсілді жырларына ғана тоқталып отырмын. Асқаралы алаптың шыңына ту қадаған Серік жайлы өмірімде теріс пікір естіп көргем жоқ. Жұмыр басты пенде болған соң сүрінесің, жаңыласың, қай салада жұмыс жасаса да өзіндік қолтаңбасын қалдырып жүр. Алматыға

барғанда, не болмаса телефон арқылы амандық-саулық сұраса қалсаң: «ойға алған біраз шаруалар бар еді, соның тігісін жатқыза алмай жүрмін», – деп үнемі бір ізденіс үстінде жүргенін көресің, болмаса естисің. Алматыға біржола қоныс аударған соң, Қарасай аудандық тарихи өлкетану музейінде мінсіз қызмет атқарып келеді. 4-5 жылдан бері музей жұмысын жандандырып, 2018 жылы Алматы облысының «Ең үздік музейі» деген дәрежеге жеткізсе, биыл Республика бойынша «Ең үздік аудандық музей» номинациясын жеңіп алды. Қаскелең қаласында екі рет халықаралық ақындар айтысын ұйымдастырып, жыл сайын оқушылар арасында аудандық, облыстық мақалшылар сайысын өткізіп тұрушы еді, соңғы кездегі індет жағдайына байланысты бұл жұмыстар тоқтаңқырап тұр. Алдағы уақытта індеттің тамыры үзілсе қайта жалғау ойымда бар дейді.

Музейдің қам-қарекет тірлігімен жағаласа жүріп, шығармашылық жұмыстарын тоқтатып қойған емес, қысқа метражды фильмдер шығарумен де айналысты. «Қарттар үйі», «Дүниеге махаббат», «Өтелмеген борыш», «Қисық бұтақ», «Дүние жалған» тағы басқада ресми тілдерде түсірген фильмдері көрермендердің көзайымына айналды.

Баяғыда біреу: *«Шаштараз емес ем, шарасыздық шаштараз етті»,* – деген екен. – *«Бір кездері киногер де болып көрдім. Менің қып-қысқа фильмдерім де жұртымыздың бір жыртығына жамау болады деп ойладым. Қазір үлкен фильм тұрмақ, кішкене фильм түсіруге де қаржы табу қиын. Сондықтан, ол жұмысты тоқтаттым»,* – деген Серік ақын өз бойындағы артықшылықтары мен кемшілігінде жасырмай ақтарып салды.

– *«Артықшылығым ол ұмытшақтығым. Оның жақсы жері – ешкімге кек сақтай алмаймын, ұмытып қалам. Жаман жері – ылғи ұятқа қалып жүремін. Кейде класстастарымды, кейде курстастарымды танымай масқара боламын және бұл қасиет менің бала күнімнен бар. Өлең жазғаныма 40 жыл болыпты. Ұлттық өнерді насихаттадым. Фильмдер шығардым, жүректерді жұмсарту үшін. Шетел режиссерларынан ұлтымды қорғау үшін өлеңдер жаздым, елге ой салу үшін, өзімді дәлелдеу үшін емес.*

Республикалық телеарналарда ірі-ірі үш бағдарлама жасадым: «Хабарда» «1001 мақал, 101 жұмбақ» Ондағы мақсатым – мақал-мәтелдер арқылы жастарды ұлттық рухта тәрбиелеу үшін. Жұмбақ арқылы жастарды өз бетінше ойлануды, пікір қорытуды үйреткім келді. «Қазақстандағы» «Шынның жүзі» өз кезінде ең өткір бағдарлама болды. Онда келіп қатысқан кейіпкерлер қатты қысылатын. Мақсат – адамдар әр нәрсе үшін түбі сұралатынын біліп, жауапкершілікті сезінулері үшін. Ештеңе де ертең сұраусыз қалмайтынын білсін дедім. «Күмбез» – рухани құндылық, жан байлығын арттырып, иман ләззатын сезіндіру үшін», – деген Серік Қалиевтің ақжарма ойы, ашық пікірі кейінгі толқынға өнеге, үлкен мектеп.

«Тәлім тв» және «Хабар» арнасында жүргізген «Дарын тіл бағдарламасы» өз алдына бір шоғыр. Қамшының сабындай қысқа ғұмырда денсаулықтың барында елге өнеге болатын тағылымды тарту-тараулғымызды қалдырып кетейік», – деп қаламы қолынан түспеген Серік Қалиев алпыс жылдығына орай бес томдық кітабын жарыққа шығаруды жоспарланған болатын. Оның төрт томы баспадан шығып та қойды. Бесінші томы жыл аяғына дейін шығады деп оқырмандарын бір қуантты. Өзі де мойнынан бір ауыр жүк түскендей жеңілдеп қалғанын айтты. Серік Қалиевтің шығармаларын оқып отырсаңыз өзіне көңілі толмайтын сәттерімен де қауышасыз.

«Сыбырлап айтам» деген және басқа да кейбір өлеңдерінде Серік өзін-өзі кінәлау арқылы өзгеге ой салды..

– *Өзімді ғана емес, замандастарымды да кінәлап отырам. Өздерін менімен салыстырсын, сосын өздерінің не бітіргендерін ойға алсын. Бас салып оларды кінәласам жақтыра ма? Өзіме жау тауып аламын ғой. Сондықтан өзімді нысанаға алып, өзгелерге ой тастағым келді. Олар өздері жайлы да ойланып, кателерін түзер ме екен деген мақсатта бәрімізге ортақ кемшіліктерді айтам ғой. Зейін салып оқыған адам, өлеңдерімнен өз бейнесін көреді.*

Ұлықбек Есдаулеттің «Қазақ деген бір ел бар», – деген өлеңінде :

Қазақ деген бір ел бар жатып ішер,
Біреу атқа мінді деп тақымы ісер.
Басқа халық бар ма екен дүниеде,
Батыры қан жұтатын ақыны шер.
Қазақ деген бір ел бар теріс туған,
Өнер қуып болған соң керіс қуған.
Қызғаныштан жем болып қызыл итке,
Дайын тұрар болуға тегіс құрбан.

Қазақ деген қай ел деп сұрамалық,
Қылжақтайтын әдеті жылап алып,
Сол қазақтың ішінде менде бармын,
Ал түсе бер соңыма шырақ алып
демей ме,
Сол көп қазатын бірі менмін.

Ақын айналасында болып жатқан құбылыстарға бейжай қарай алмайды. Жақсысына сүйінеді, жамандығына күйінеді. Қазақтың тепсе темір үзетін жігіттерінің нәзік жанды болып бара жатқанына қатты қапаланады. Бұл бір Серік ақынның ғана өзегін өртеген бітеу жара емес-ті. .

– *Біз өмірдің күрес екенін білсек те, күресуден қашамыз. Ауру – адамды қашан жеңеді, иммунитеті әлсірегенде, яғни, адам өзімен жұмыс жасамағанда. Ал, өлім – ауруыңды елемегенде, жасырғанда келеді. Қазір біздің рухани әлемімізге жамандықтың вирусы қаптап кіріп жатыр, ал біз сонымен күресудің орнына бір-бірімізді жамандаумен ғана айналысып жатырмыз. Жақындарымызды, айналамыздағыларды жақсылыққа шақыруға, жамандықтан қайтаруға бұйырылған едік, бірақ, біз жұртқа жаманатты жексұрын бола беріміз келмейді. Сондықтан айту керек кезде үндемегенді тәуір көреміз. Нәтижесінде әлгіндей жамандықтар біздің жақындарымызға, отбасымызға кіріп келді. Біз өзіміздің отбасымызда, әулетімізде үздіксіз насихат жұмыстарын жүргізе берсек ешқандай жау ала алмас еді. Мен білетін шымкенттік бір имам бар еді. Сол ауылының жетпіс пайызына құран оқуды үйреткен еді. Жүз пайызға жеткіземін деп жүргенде жұмыстан шығарылды. Міне қазақтың күншілдігі. Мақтағанды кім жек көрсін. Пендешілік әр адамның басында бар, мақтауды жек көремін деген адамның өзі мені мақтаса екен деп тұрады. Шынайы еңбегіңді бағалап, салмақтап, төккен теріңді таразылап мақтаса құба-құп. Жалпы мақтаудың үш түрі бар. Бұдан құтылу өте қиын. Адам бойында жиі кездесетін үш түрлі нәпсі бар. Бірі тамақсаулық. Тәтті тамақтан адам өзін тоқтата алмай қалады. Екінші, әйелқұмарлық. Одан да тоқтау оңай емес. Үшінші, мақтау сүйгіштік. Бұл тіптен қиын. Алғашқы екеуінен адам тоқтауы мүмкін, ал, үшіншісінен әле-әлгенше құтыла алмайды. Сондықтан мен әлеуметтік желіге жарияланған өлеңдеріме жазылған пікірлерді оқымауға тырысамын»,* – деген Серіктің мақтау туралы шынайы пікірі біздің шенді-шекпенділерге сабақ болса игі. Әңгіме айтса, әлімсақтан бастап бүгінгі дәуірдегі өмірді саралай білетін Серік, адам бойында кездесетін жақсылы-жамaнды қасиеттердің көбі тектіліктен жалғасатынын айтады. Алайда, әр адам ұрпағының қамын ойласа, тегті жермен құда болуы шарт. Бүгінгі қоғамда байларды, лауазымды адамдарды – тектілер деп ойлағандар қатты қателеседі. Не қоғамға, не мемлекетке пайдасы жоқ, ештеңеге, ешкімге жаны ашымайтын, қара басын ғана күйттейтіндерге қызығып қарамай, оларды керісінше аяу керек. Олар жайлы аталарымыз аз айтпаған. Мысалы:

«Көрінер әркім жомарт тасқан жерде,
Тиеді ер пайдасы сасқан жерде.
Жаманға жазатайым күнің түссе,
Қабысып қалады екен аспан жерге»,
немесе:
«Қарғадан қарға туар қарқылдаған,
Жақсыдан жақсы туар жарқылдаған.
Дегендер «Мен жақсымын!» толып
жатыр,
Басынан жақсылығы артылмаған», – деген терме толғауларда айтылады. Бұдан артық не айтуға болады?

Бір ғалым кісі құмырсқалардың өмірін зерттейді. Сөйтіп оңашалап бір құмырсқаның алдына жем тастайды. Ол тырбаңдап сүйрегенмен әкете алмайды. Сөйтіп кетіп қалып, 5-6 досын ертіп әкеледі. Оған дейін адам жемді алып қояды. Бәрі шыр айналып жем таппай қайтып кетеді. 1-ші құмырсқа сол төңіректе қалады. Адам жемді қайта қояды. Құмырсқа қайтып достарын ертіп келеді. Олар келгенше адам жемді тағы алып қояды. Осы жағдай бес рет қайталанғанда, бәрі жабылып әуелгі құмырсқаны бөлшектеп өлтіріп тастайды. Оларда өтірікшінің жазасы өлім екен. Сондықтан:

Суайттар судырата берсінші елге,
Бетінен қан шықпайды он тілсең де!
Тектілік қасиеттің бір белгісі –
Өтірік айта алмайды өлтірсең де!, – деп өлең шығардым деген ақын, азаматтық парызын абыроймен атқарып келеді. Аяңдап жүріп алпысқа толған досым 14 қараша күні Алматы қаласындағы «Алатау» дәстүрлі өнер театрында шығармашылық кешін өткізбек. Оған айтулы айтыскерлер мен поэзия өкілдері және өнер тарландары ат салысатын болады.

– Секе, 60 жасты қалай қарсы алып жатсың десем?

– *Өмірді футбол ойыны деп қарайық. Ойында шабуылшы, қорғаушы, қақпашы дегендер болады. Қақпашы – қақпаны тастап қорғаушының орнына жүгірсе, қорғаушы – гол саламын деп шабуылға шығып кетсе, қақпаны кім қорғайды? Сол сияқты, әркім өз позициясын таңдап, сол салада жұмыс атқарсын. Өмір деген өтпелі, оған ешкімде өкпелей алмайды. Алланың берген ғұмыры түгесілгенше жүреміз. Жүзім қартаң болғанмен жүрегім баяғыдай. «Өзің қартаймайсың кейінгілерді көріп қартаясың» деген аталы сөз бар. Бабалар салған сара жолда бізде келеміз, алпысыңыз алты-ақ күндік жол екен ғой»,* – дейді. Зымырандай зулап жатқан уақыт-ай десеңші. Өнегелі өмірің, қарымды қаламың ұштала берсін Жан досым! Сенің халыққа бергеніңнен, әлі берерің көп! Алла берсе, Жамбыл атаң сияқты ұзақ жаса. Бала-шағаңның қызығын көр, ақын Серік!

Айтақын МҰХАМАДИ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АППК

ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ ПРОЗРАЧНОСТИ И ЭФФЕКТИВНОСТИ

В ПРОШЛОМ ГОДУ 29 ИЮНЯ БЫЛ ПРИНЯТ АДМИНИСТРАТИВНЫЙ ПРОЦЕДУРНО-ПРОЦЕССУАЛЬНЫЙ КОДЕКС РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН (ДАЛЕЕ - АППК), КОТОРЫЙ ВСТУПИЛ В СИЛУ С 1 ИЮЛЯ ТЕКУЩЕГО ГОДА. В СВЯЗИ С ЭТИМ ДЕЙСТВУЮЩИЙ ЗАКОН РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ОТ 27 НОЯБРЯ 2000 ГОДА «ОБ АДМИНИСТРАТИВНЫХ ПРОЦЕДУРАХ» УТРАТИЛ СВОЮ СИЛУ С МОМЕНТА ВВЕДЕНИЯ В ДЕЙСТВИЕ ДАННОГО КОДЕКСА.

Надо заметить, что одной из причин принятия АППК является отсутствие единого центрального закона, который урегулировал бы все административные процедуры в единую систему. К сожалению, действующий закон об административных процедурах такой функции не выполнял. Более того, отраслевые (специальные) законы содержат свои собственные процедуры, в некоторых из них они расписаны более детально (например, налоговый, таможенный кодексы), а в каких-то менее. Такое разнообразие административных процедур, и их разное правоприменение порождает непрозрачность, нечеткость, и как следствие, создает предпосылки для возникновения коррупции и недоверия со стороны населения государству.

Так, Административный процедурно-процессуальный кодекс Республики Казахстан (АППК), ввел новое для казахстанского законодательства понятие административного усмотрения. Согласно пп. 6 п. 1 ст. 4 АППК под административным усмотрением следует понимать полномочие административного органа, должностного лица принимать в установленных законодательством Республики Казахстан целях и пределах одно из возможных решений на основании оценки их законности.

Вместе с тем, в соответствии с п.п. 1 и 2 ст. 11 АППК административный орган, должностное лицо обязаны осуществлять административное усмотрение в пределах, установленных законодательством Республики Казахстан, и принятие административного акта и (или) совершение административного действия (бездействия) при осуществлении административного усмотрения должны соответствовать цели данного полномочия.

Также, в силу п. 1 ст. 10 АППК (принцип соразмерности) при осуществлении административного усмотрения должен обеспечиваться справедливый баланс интересов участника административной процедуры и общества, а административный акт, административное действие (бездействие) должны быть соразмерными.

Необходимо отметить, что согласно п. 4 ст. 6 АППК нарушение принципов АППК в зависимости от его характера и существенности влечет признание административных актов, административных действий (бездействия) незаконными, а также отмену вынесенных судебных актов.

Следует отметить, что АППК допускает возможность урегулирования спора между истцом (заявителем) и административным органом (должностным лицом) путем заключения соглашения о примирении, медиации или об урегулировании спора в порядке партисипативной процедуры. Вместе с тем, согласно абзацу 2 п. 1 ст. 120 АППК примирение сторон допускается при наличии у административного органа (должностного лица) административного усмотрения.

Таким образом, как ожидается принятие настоящего кодекса приведет к повышению прозрачности и эффективности деятельности государственных органов, закреплению гарантий защиты прав граждан и бизнеса в процессе принятия решений государственными органами и при рассмотрении споров с государственными органами в вышестоящем органе и суде, снижению коррупционных рисков и нагрузки на судебную систему.

Эльмира АСУБАЕВА,
председатель Алакольского районного суда.

ПРОПУСКНОЙ РЕЖИМ

ДЛЯ ПОДДЕРЖАНИЯ ПОРЯДКА

ОДНОЙ ИЗ ВАЖНЕЙШИХ ВЕТВЕЙ ГОСУДАРСТВА, СОСТАВЛЯЮЩИХ ЕГО ОСНОВУ НА ПУТИ ДЕМОКРАТИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ, ЯВЛЯЕТСЯ СУДЕБНАЯ СИСТЕМА. КАЧЕСТВЕННОЕ ОСУЩЕСТВЛЕНИЕ ПРАВОСУДИЯ - ЗАЛОГ ДОВЕРИЯ ГРАЖДАН К ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПРАВОВОЙ ПОЛИТИКЕ, ВЛАСТИ. ПЕРВЫМИ ВСТРЕЧАЮТ В ЗДАНИИ СУДА ГРАЖДАНИНА, ОБРАТИВШЕГОСЯ В СУД С ЦЕЛЬЮ ЗАЩИТЫ СВОИХ ПРАВ СУДЕБНЫЕ ПРИСТАВЫ. СЛУЖБА СУДЕБНЫХ ПРИСТАВОВ - ОЧЕНЬ ОТВЕТСТВЕННАЯ.

Новый комплекс возводится в новом микрорайоне районного центра.

По словам руководителя управления строительства Кербулакского района, объект сделан почти на 80%.

Объект строится в рамках государственной программы Дорожная карта занятости и расположился на территории 1007 кв метров. Возводить школу начали ровно год назад. Она рассчитана на 50 мест в одну смену, это значит, что есть возможность охватить порядка 300 юных талантов в день, - поделился Асхат Бураханов.

Сдача комплекса запланирована уже в этом году. В школе искусств предусмотрены художественные классы, классы фортепиано, кобыза, домбры, баяна и студия хореографии. А также оборудованный по последнему слову техники актовый зал на 100 посадочных мест.

Необходимо подчеркнуть, что население районного центра- села Сарыозека 22 тысяч человек и данная школа искусств будет первым объектом, в котором местные мальчики и девочки смогут развивать свой творческий потенциал

СОБ.КОРР.

ГЕНДЕР

ВАЖНАЯ СОЦИАЛЬНАЯ ПРОБЛЕМА

Напоминаем, что основные принципы гендерной политики в нашей стране устанавливают равные права мужчин и женщин, что гаранитировано Конституцией РК. Задачи гендерной политики достижение сбалансированного участия мужчин и женщин во властных структурах, обеспечение равных возможностях для экономической независимости, развития своего бизнеса и продвижение по службе, создание условий для равного осуществления прав и обязанностей в семье. Однако законодательного оформления принципы равных возможностей для обоих полов недостаточно, что бы преодолеть исторически сложившиеся стереотипы о женском участие в политике, которые укрепились в гражданских институтах общества и положение современных женщин противоречиво, что проявляется в ее социальной экономической и политической активности, а так же в дальнейшем развитие институтах семьи.

В нашей республике женщины, можно сказать составляют больше половины населения, их положение, роль и статус имеют важное значение в обществе, поэтому вопросы гендерного равенства отнесены к числу важных социальных проблем не только в Казахстане, но и во всем мире.

Таким образом, для нашего государства огромное значение имеют вопросы теоретического обоснования и развития национального механизма, исследования институциональное развитие, политическая практика и анализ достижения гендерного равноправия.

В конечном счете, следует отметить, что одним из важных направлений современной политике по обеспечению гендерного равенства является демократизация политической системы. Социально-экономическое трансформация нашего общества требует от государства формирования политике, в большей степени учитывающей вектор изменений в международной политике гендерного равенства.

Динара СИМИЛТАРОВА,
ведущий специалист Талдыкорганского городского суда.

ИСКОВОЕ ЗАЯВЛЕНИЕ

ПОРЯДОК ПОДАЧИ ИСКА

Исковое заявление – основной документ, содержащий требования, по которым должно вестись всё производство по делу. Поэтому закон предъявляет к исковому заявлению особые требования (содержащиеся в статье 150 Гражданского процессуального Кодекса Республики Казахстан), которые истец обязан соблюдать. Исковое заявление подается в письменной форме. Истец должен указать, что конкретно нарушено и что он требует от ответчика: вещи, которые подлежат возврату, денежную сумму, которая должна быть взыскана. Или же предмет иска брак, подлежащий расторжению; договор, по мнению истца, заключённый с нарушением его интересов и подлежащий признанию недействительным; постановление государственного органа, которое ущемляет его права или законные интересы, и др.;

Предъявить иск - это значит обратиться в суд с заявлением, в котором должна содержаться просьба к суду о рассмотрении возникшего спора о праве. Однако, чтобы было возбуждено гражданское дело, недостаточно только подачи в суд искового заявления. Судья должен решить вопрос о принятии его к производству суда в соответствии с законом.

По ГПК к исковому заявлению необходимо прилагать документ, подтверждающий направление ответчику или его представителю, третьим лицам копии искового заявления и приложенных к нему документов; документы, подтверждающие соблюдение досудебного порядка урегулирования спора, если этот порядок установлен законом или предусмотрен договором; ходатайства истца об истребовании доказательств, если доказательства находятся у ответчика или третьего лица; копии устава, свидетельства или справки о государственной регистрации (перерегистрации), если иск предъявлен юридическим лицом.

Предусмотрено, что в случае не соблюдения требований к форме и содержанию искового заявления, а также к требованиям по предоставлению документов, в частности документа, подтверждающего направление ответчику или его представителю, третьим лицам копий искового заявления и приложенных к нему документов; документа, подтверждающего уплату государственной пошлины; доверенности или иного документа, удостоверяющего полномочия представителя; документа, подтверждающего соблюдение досудебного порядка урегулирования спора, если этот порядок установлен законом или предусмотрен договором;

иск подлежит возвращению.

Маржан САДУАКАСОВА,
судья СМЭС Алматинской области.

ЗАКОН РК

ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ В ГПК

Для обновления процессуального законодательства, направленного на оптимизацию судопроизводства по гражданским делам, стало принятие Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан, действующий с 2016 года. А для совершенствования настоящего кодекса 10 июня 2020 года был принят Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Гражданский процессуальный кодекс Республики Казахстан по вопросам внедрения современных форматов работы судов, сокращения излишних судебных процедур и издержек». Где были внесены ряд изменения и дополнении в действующий Гражданский процессуальный кодекс Республики Казахстан.

Предлагаем вашему вниманию ряд примеров, где были изменены и дополнены статьи. В частности, четвертая часть ст. 143 теперь излагается в следующей редакции: «Выдача судебного приказа взыскателю и направление его на исполнение: 1. Если в установленный срок от должника не поступит в суд возражение, судебный приказ выдается взыскателю для предъявления к исполнению или по его заявлению направляется судом на исполнение в соответствующий орган юстиции либо региональную палату частных судебных исполнителей по территориальности; 2.По просьбе взыскателя, а также по требованиям, подлежащим немедленному исполнению в соответствии со статьей 243 настоящего Кодекса, судебный приказ направляется на исполнение непосредственно судом; 3.Для взыскания государственной пошлины с должника в доход соответствующего бюджета отдельный экземпляр судебного приказа направляется непосредственно судом в соответствующий орган юстиции либо региональную палату частных судебных исполнителей по территориальности.";

Также, первую и вторую части статьи 281 теперь изложено в следующей редакции: "1. О каждом судебном заседании суда первой инстанции, а также о каждом отдельном процессуальном действии, совершенном вне заседания, за исключением случаев, предусмотренных настоящим Кодексом, составляется протокол в письменной форме либо краткий протокол при ведении аудио-, видеозаписи судебного заседания. В случае неявки в судебное заседание всех лиц, участвующих в деле, либо проведения судебного заседания без исследования новых доказательств вопрос о ведении протокола судебного заседания разрешается судьей; 2.При подготовке дела к судебному разбирательству в суде первой инстанции протокол ведется по ходатайству стороны либо по инициативе суда, за исключением случаев, когда на этой стадии выносится решение по существу спора."

Алгатай ЖАНДАРБЕКОВ,
заведующий канцелярией Талдыкорганского СМАС.

Бейсенбі - Четверг, 18 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Ауылдастар»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 01.00 Aqparat
07.00 «ТАҢШОЛПАН»
10.10, 18.00 Т/х «Тағдыр жалыны»
12.00, 21.30 Т/х «Күйеу бала»
13.10 «Qyzyq eken»
14.00 «Теледәрігер»
15.15, 03.20 «Menin Qazaqstanym»
15.40 «Атамекен»
15.55, 23.30 Т/х «Қазақ елі-2»
17.15 «Qyzyq eken»
20.35 «Ashyq Alan»
22.30 Т/х «Жат мекен»
00.25 «PARASAT MAIDANY»
01.35 Ashyq alan
02.25 «Теледәрігер»

ХАБАР

05.00 «Прорыв»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Бросить вызов судьбе»
10.45 Әсем әуен
12.00, 23.30 Т/х «Шашу»
13.00, 21.30 «Шайқалған шаңырақ»
14.00, 22.30 Т/х «Пәленшеевтер-4»
15.00 «Большая неделя»
16.00 Сериал «Черный пес»
18. 00 Мегахит
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Народный контроль»
21.00 Итоги дня
00.45 «Discovery : Сквозь червоточину с Морганом Фрименом»

АСТАНА

06.00 «Ұрланған тағдыр»
06.45 Үздік әзілдер
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.30, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
11.00, 21.00 Т/с «Қара ниет-2»
12.15, 23.30 Т/х «Жауынгер»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «Формула личности»
15.40, 03.30 «Қарлығаш» күзет агенттігі
16.35 «Сүлеймен сұлтан»
18.00 «Фазилет ханым»
20.00, 01.10 «Astana times»
22.30 «Қарындасым қарлығашым»
01.50 «1001 түн»
04.30 «Q travel»
05.20 «Сырты бүтін»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Жалғыз жауқазын»
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан»
09.00 «Доброе утро, Казахстан»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15 «112»
14.30 «QOSLIKE»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Көреміз»
20.00 Главные новости
20.40 «Условный мент»
00.40 «Воскресенский»
03.00 «112»
03.15 Басты жаңалықтар
03.45 Т/х «Жалғыз жауқазын»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 «Журналист»
08.20 «Бақыт жолында»
09.40 НОВОСТИ
10.20 «Было дело»
11.10 «Игра. Реванш»
13.30 «Шеф-5»
15.50 «Небеса подождут»
17.00 «Бақыт жолында»
18.10 «Әулеттер тартысы»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.50 «Шеф-5»
00.10 «Игра. Реванш»
01.50 «Худшая подруга»
02.30 «Астарлы ақиқат»
03.15 «Mamma mia»
04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Парасат»
10.30 «Бүгін»
11.00 «Сырағы»
11.45 «Спорт» (әдіс)
11.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
11.53 «Тұғырдағы тұлға»
12.00 «Шашу»
12.45 «Жетісу батырлары»
13.00 «Ән тыңдайық»
14.00 «Әсем әуен»
14.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
15.00 «Спорт-тайм»
15.30 «Бір бала»
16.30 «Қазақ тілі»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Сегодня» /прямой эфир/
20.00 «Зейнеп апаның әңгімелері»
20.15 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Парасат»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Құлансаз» концерті
22.40 «Әсем әуен»
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00, 04.00 Әзіл студио
06.40 Информбюро
07.40 «Жанкешті ханымдар»
10.00 М/с «Маша и медведь»
11.30, 21.00 «Ханшайым»
13.00 Сериал «Құзғын»
14.00 М/с «Тимон и Пумба»
15.00 Сериал «Кухня»
16.00 Экстрасенсы-детективы
17.00 «Обмануть всех»
19.00 Сериал «Кухня»
20.00 Информбюро
22.40 «Охотники за привидениями»
01.00 31 әзіл
02.00 Кел, татуласайық
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.20 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 15.00 «Ерке мұң»
10.00 «Московские тайны»
11.15, 19.30 «Балабол-4»
14.00 Т/х «Гудия»
16.00, 02.50 «Q-елі»
16.40 «Тайны госпожи Кирсановой»
17.40 «Московские тайны»
19.00 «Студия 7»
21.40, 03.10 «Ағайындылар»
23.00, 04.20 «Сен жалғыз емессің»
00.15 Jaidarman live финал
01.30 «Тайная жизнь моего секретаря»

Жұма - Пятница, 19 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Д/ф «Ауылдастар»
06.25, 13.00, 17.00, 20.00 Aqparat
07.00 «TANSHOLPAN»
10.10 18.00 Т/х «Тағдыр жалыны»
12.00 «Күйеу бала»
13.15, 17.15 «Қызық екен...»
14.00, 03.40 «Теледәрігер»
15.00, 03.25 «Заң және біз»
15.50 «Қазақ елі-2»
20.35, 02.45 «Ашық алаң»
22.30 Т/х «Жат Мекен»
00.25 «Қазақстан дауысы»

ХАБАР

05.00, 02.00 Әнұран
05.00, 16.00 «Черный пес»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Н. Назарбаев. Итоги еще впереди»
10.45 Әсем әуен
12.00 «Шашу»
13.00, 22.30 «Шайқалған шаңырақ»
14.00, 21.30 Т/х «Пәленшеевтер-4»
15.00 «Бүгін». Тікелей эфир
18.00 Мегахит
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Үкімет».Премьера!
21.00 Итоги дня
00.45 «Discovery». Как устроена Вселенная.

АСТАНА

06.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
07.00 М/ф «Маша и Медведь»
09.30, 22.00 «Үзілген моншақ»
11.00, 21.00 Т/х «Қара ниет-2»
12.00, 23.30 Т/х «Жауынгер»
13.30«Жаңаран Жетісу»
14.00 «Топ жарған тобын Торғай өңірі»
15.00 Формула личности
15.30 «Лучшие из достойных»
16.00, 01.00 «Үздік әндер»
17.00 Т/х «Сүлеймен сұлтан»
18.00 «Фазилет ханым»
20.00, 01.45 «Астана times»
22.30 «Қарындасым, қарлығашым»
01.50 «1001 түн»
04.30 «Q travel»
05.20 «Сырты бүтін»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Әйел сыры»
07.00 «Қайырлы таң -Қазқстан»
09.00 «Доброе утро-Казахстан»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «Жди меня Казахстан»
13.00 «112». Прямой эфир
13.15 «Мужкое/женское».
14.30 «Qoslike»
18.00 «Тағдыр тасы»
18.30, 02.45 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Көнеміз»
20.00 «Главные новости»
20.40 «Поле чудес»
22.00 сериал «Мосгаз. Дело № 8: западня»
03.50 «112». Криминальные новости
04.15«Басты жаңалықтар»

КТК

07.05Кешкі жаңалықтар
07.30Т/х «Журналист»
08.30 «Бақыт жолында»
09.50 Новости
10.40 «Было дело»
11.40 «Игра. Реванш»
13.30 «Шеф-5»
16.00, 01.30 «Небеса подождут»
17.00 Т/х «Бақыт жолында»
18.00 «Әулеттер тартысы»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.15«Дау-дамайсыз»
20.35, 02.50 «KTKweb»
21.00 Вечерние новости
21.40«Тайсон»
01.30 «Небеса подождут»
02.10 «Дау-дамайсыз»
02.35 «KTKweb»
02.55 «MAMMA MIA»
03.30-04.00 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Ұлт құндылығы»
10.30 «Сегодня»
11.00«Дәрігер кеңесі»
11.45 «Спорт» (әдіс)
11.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
11.53 «Тұғырдағы тұлға»
12.00 «Шашу»
12.45 «Жетісудың ақын-жыраулары»
13.00 «Зейнеп апаның әңгімелері»
13.30 «Ән тыңдайық»
14.00 Д/ф «Путь к Елбасы»
14.15 «Әсем әуен»
14.50 «Тарихнама» (қазақ хандары)
15.00 «Тәуелсіздік тұлғалары»
15.30 «Әсем әуен»
16.30 Д/ф «Бүгінгі дін»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Сырағы» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир/
20.00 «Спасая жизни»
20.15 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Agrolife»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Талқы»
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
07.00, 20.00 Информбюро
08.00 «Жанкешті ханымдар»
10.00, 10.30 «Маша и медведь»
11.00, 21.00 «Ханшайым»
13.00 «Құзғын»
14.00 «Тимон и пумба»
15.30 «Кухня»
16.40 «Охотники за привидениями»
19.00«Кухня»
20.00 Информбюро
22.40 «Охотники за привидения-ми-2»
00.40 31 әзіл
01.40 «Кел, татуласайық!»
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 05.10 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, Qazaqstan»
09.00, 15.00 Т/х «Ерке мұң»
10.00 «Московские тайны»
11.15 «Балабол-4»
14.00 «Гудия»
16.00 «Q-eli»
16.45«Разумное сомнение»
19.00 «Студия 7»
19.30 Шоу «Музыкальная интуиция»
21.40«Ағайындылар»
00.00 Шоу «Один в один»

Сенбі - Суббота, 20 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Ауылдастар»
06.30 Aqparat
07.15, 03.20 «Сырлы сахна»
07.35, 02.50 «Күміс көмей»
08.25 «Әйел әлемі»
09.00«Қанатты барыс туралы аңыз». «Отырар дастаны»
10.00, 18.00 Т/х «Тағдыр жалыны»
12.00 «Қазақстан дауысы»
14.00«Тәуелсіздік, елімнің тұмарысың»
16.30 «Әзіл әлемі»
17.20 «Талпын»
20.00, 02.40 «Мәселе»
20.40 «Қазақстан дауысы»
22.30 «Жат мекен»
23.30 «Күйеу бала»
00.30 «Дон И»

ХАБАР

06.00, 02.00 Әнұран
05.00 «Черный пес»
07.00 «Әзін-өзі тану»
07.15 «Противостояние»
09.00 «Tangy fresh»
10.00 XXI ғасыр көшбасшысы
11.00 «Қозы Көрпеш - Баян Сұлу»
13.00, 23.15 «Пәленшеевтер-4»
16.00 «Турист»
18.00 Мегахит
20.00«Отыз жылдың ой-толғауы»
21.00 «7 күн»
22.00 «Хабарлас»
01.15«Discovery». Как устроена Вселенная

АСТАНА

06.00, 05.10 «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и Медведь»
09.30, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
10.00, 22.30 «Қарындасым, қарлығашым»
11.00, 21.00 Т/х «Қара ниет -2»
12.00, 23.25 Т/х «Жауынгер»
13.30 «Арайлы Ақтөбе»
14.00 «Кенді Алтай»
15.00 «Формула личности»
15.30 «Лучшие из достойных»
16.00 «Күлпәштің хикаялары»
18.00 Т/х «Фазилет ханым»
20.00 «Қызық болған»
02.00 «1001 түн»
04.00«Q» travel
04.30 «KazNet»
05.30 «Сырты бүтін»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.00Т/х «Әйел сыры»
06.45 «П@утина+»
07.25 «Той базар»
08.45 «Ұлы даланың мұрасы»
09.20 «Поле чудес»
10.55 «Фабрика грез»
11.25 «Спецназ-2»
16.30 «Тағдыр тасы»
17.00 «Көреміз»
18.30 «Мама, маған дауыс бер!»
20.00 «Айна»
21.00 «Прошу поверить мне на слово»
23.25 К юбилею«КВН»
02.05 «П@утина+»
03.55 «Той базар»
04.40 «Той заказ»

КТК

07.10 «Құдалар-2»
07.50, 03.30, 04.30«КТК –да Қабатов»
09.20 Новости
10.10, 01.40 «Юмарина»
11.30 «Тайсон»
15.30 «Аталар сөзі»
17.00«Дочки»
21.00 «Большие новости»
22.10 «Зинка Москвичка»
02.20 «Аталар сөзі»
03.30, 04.30 «КТК –да Қабатов»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Agrolife»
10.30 «Бүгін»
11.00 «Сырағы»
11.45 «Спорт» (әдіс)
11.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
11.53 «Тұғырдағы тұлға»
12.00 «Шашу»
12.45 «Жетісу батырлары»
13.00 «Спасая жизни»
13.30 «Ән тыңдайық»
14.00 «Талқы»
14.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
15.00 «Сырағы»
15.45 «Әкелер әңгімесі»
16.30 «Ән тыңдайық» (онлайн-концерт)
17.00 «Өмір әні»
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.10 13-блок, ауа райы
18.15 Новости
18.30 «Бір бала»
19.20 «Әсем әуен»
19.30 «Безбен»
20.05 «Сильные духом»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Тарих парақтары»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Қазақстанда жасалған»
22.50 «Әсем әуен»
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
06.50 «Тамаша live»
07.20 «Информбюро»
08.30 «Селаполетела»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Маша и медведь»
10.30 М/с«Аладдин»
11.30 М/с «Лило и Стич»
12.30 «Садко»
14.30 «Легенде О Брюсе Ли»
19.00 «Каратэ пацан»
22.00 «Неге?»
23.00 31 әзіл
00.00«Кеше. Бүгін. Ертең»
01.50 «Тамаша live»
02.00 Қазақша концерт
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00 «Гу-гулет»
07.00 «Айна-online»
08.00 «Япырай»
09.00, 15.00Т/х «Ерке мұң»
10.00 «Жұлдыздың жары»
10.30«Регина + 1»
11.40 Шоу «Орел и решка»
12.40«Тайны госпожи Кирсановой»
16.00 Т/х «Барлау»
18.00«Сезім симптомдары»
20.00 Шоу «Один в один-5»
23.00 «JaidarmanCup»
00.30 Х/ф «Фрилансеры»
04.15 «Қуырдақ»

Жексенбі - Воскресенье, 21 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Ауылдастар» д/ф
06.30 «Толағай»
07.30 «Көңіл толқыны»
08.00AQSAYYI
08.20 «Мәселе»
09.00 «Түркістан. Оқсыз оқиғасы». «Қазақтың мақтанышы»
10.00, 18.00 «Тағдыр жалыны»
12.00 «Қазақстан дауысы»
14.00 «Тәуелсіздік, елімнің тұмарысың»
15.50«Монстрлар корпорациясы»
17.20 «Тәуелсіздік тәуекелдері»
20.00 «АРТА»
20.50 «Көңілді тапқырлар алаңы»
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.30 «Күйеу бала»
00.30 «Дон И»
01.35 «АРТА»

ХАБАР

06.00, 02.00 Әнұран
05.00 «Турист»
07.00 «Самопознание»
07.15 Сериал «Противостояние»
09.15 «Пәленшеевтер-4»
14.00 «Шырақшы»
16.00 Российский сериал
18.00 Мегахит
19.30 «Eco maken»
20.30 Мәжіліс.kz
21.00 «7 күн»
22.00 «Большая неделя»
23.30«Discovery». Как устроена Вселенная
00.30 Әсем әуен

АСТАНА

06.00 «Біздің ауыл»
06.30 «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
10.00 «TeleBingo»
10.25, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
11.00, 22.30 «Қарындасым, қарлығашым»
12.00, 21.00 Т/х «Қара ниет-2»
13.10, 23.30 Т/х «Жауынгер»
14.40 «Қарағанды құт мекені»
15.00 «Ел мерейі Елорда»
15.30 «Формула личности»
16.00 «Аялы алақан»
16.15 «Қуандық Рахым концерті»
18.00 Т/х «Фазилет ханым»
20.00 «Қызық болған»
02.00 «1001 түн»
04.00«Q» travel
04.30 «KazNet»
05.30 «Сырты бүтін»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.40 «Әйел сыры»
06.45 «Той Заказ»
07.15«Мама, маған дауыс бер»
08.45«Воскресные беседы»
09.00 «Тайны вокруг нас»
09.35 «Карлик нос»
11.25 «Мой капитан»
16.30 «Тағдыр тасы»
17.00 «Лучше всех»
18.50 «Добрый вечер Казахстан!»
20.00 «Грани»
21.30 «Прошу поверить мне на слово»
00.00 «МИСС Қазақстан»
01.25 «Тобол»
03.40«П@ytina+»
04.25 «Әйел сыры»

КТК

07.05 «Бала дауысы»
07.50 «Концерт XII-VII»
09.00, 23.50 «Дом культуры и смеха»
11.10 «Зинка москвичка»
15.00 «Аталар сөзі»
18.00 «Тамаша»
21.00 «Портрет недели»
22.00 «Тихий омут»
01.40 «Аталар сөзі»
03.50-04.30 «Бала дауысы»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Әсем әуен»
10.30 «Безбен»
11.05 «Бір бала»
11.45 «Спорт» (әдіс)
11.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
11.53 «Тұғырдағы тұлға»
12.00 «Әсем әуен»
12.45 «Жетісудың ақын-жыраулары»
13.00 «Сильные духом»
13.30 «Ән тыңдайық»
14.00 «Тарих парақтары»
14.30 «Қазақстанда жасалған»
14.50 «Тарихнама» (қазақ хандары)
15.00 «Дәрігер кеңесі»
15.45 «Жетісу жұмбақтары»
16.15 «Қазақ тілі»
16.30 «Ән тыңдайық» (онлайн-концерт)
17.00 «Қазақ үні»
17.35 «Полицейская служба»
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 «Спорт-тайм»
18.30 «Олжа»
19.05 «Ұлт құндылығы»
19.30 «Жүрек сөзі»
20.15 «Тәуелсіздік жылнамасы»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Мен қазақпын» Бейбіт Мұсаевтың концерті
00.05 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
07.00 Әзілдер күнделігі
08.00 «Тамаша live»
08.30 «Тәтті шоу»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00«Садко»
12.00 «Легенда О Брюсе Ли»
16.30 Х/ф «Каратэ Пацан»
19.30 Х/ф «Ангелы Чарли»
21.20 Х/ф «Ангелы Чарли-2»
23.40 «Охотники за привидениями-2»
01.30 «31әзіл»
02.00 Қазақша концерт
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00 «Гу-гулет»
07.00 «Япырай»
07.15«Jaidarman Cup»
09.00, 15.00 Т/х «Ерке мұң»
10.00 «Келесі кім?»
10.30 Х/ф «Регина+1»
11.30 «Орел и решка»
12.40 «Тайны госпожи Кирсановой»
16.00, 03.00 К/ф «Сен қалдырған өмір»
18.40 Х/ф «Сила стихии»
21.00 Шоу «Музыкальная интуиция»
23.00 Х/ф «Разведка»
01.00 «Фрилансеры»
05.00 «Қуырдақ»

БЖЗҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

Алатау

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Жыл басынан бері БЖЗҚ салымшылары 30 миллионнан астам қызмет алды

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры ағымдағы жылдың тоғыз айында ғана (01.01.2021-01.10.2021 аралығындағы кезеңде) өз салымшыларына **30,3 миллион** қызмет көрсетті. Бұл өткен 2020 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда **45,8%**көп.

Қызметтердің басым бөлігі электрондық форматта көрсетіледі. Салымшыларға **22,2 миллионнан** астам **онлайн-қызмет** көрсетілді, **бұл қызметтердің жалпы көлемінің 73,2% құрайды**. Өткен жылмен салыстырғанда көрсеткіштерекі есеге дерлік (былтыр Қор салымшылары қашықтықтан 13 млн жуық қызмет алды) өсті. БЖЗҚ сайтында да, ұялы қосымшасында да бар Жеке кабинеттің көмегімен салымшылар қызметтерді қалаған уақытында, кез келген жерде ала алатынын естеріңізге саламыз. Атап айтқанда, бұл қызметтер жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу, өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, ЖЗШ-ның болуы туралы анықтама алу, мерзімсіз уақытқа 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің белгіленуіне байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру, төлемге берілетін өтініштің мәртебесін қадағалау және тағы басқалар.

Автоматты форматта (мәлімдемесіз өтініштер) **5,1 миллиондай қызмет көрсетілді, ол жалпы көлемнің 16,9%** тең. Мысалы, міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ) немесе ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) есепке алу бойынша жеке зейнетақы шоттарын автоматты түрде ашу. Естеріңізге сала кетейік, жеке тұлғаның БЖЗҚ-да ашылған ЖЗШ болмаған жағдайда, ол БЖЗҚ-ның ақпараттық жүйесінде бірінші жарна келіп түскен кезде автоматты түрде ашылады. Бұл ретте жеке тұлғаны сәйкестендіру МЗЖ немесе ЕЗЖ аудару кезінде төлем тапсырмасының электрондық форматында көрсетілген дербес деректер бойынша жүзеге асырылады, ал қолданыстағы құжаттың деректемелері мен тұрғылықты жері туралы барлық қажетті мәліметтерді БЖЗҚ мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алады.

Салымшылар шамамен 1,7 миллион қызметті тікелей Қордың қызмет көрсету кеңселерінен алды. Қазақстан бойынша 183 қызмет көрсету нүктесінде салымшыларға **1 722 696 қызмет** көрсетілді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 732,6 мың қызметке (немесе 74,0%) артық.

«БЖЗҚ» АҚ мен «Қазпошта» АҚ-ның шалғайдағы елді мекендерде орналасқан ұлттық пошта операторының бөлімшелерінде көрсетілетін қызмет түрлері бойынша бірлескен жобасының арқасында Қор салымшыларына 2021 жылдың 1 қазанына 347 пошта операторының бөлімшелерінде **13 216 қызмет** көрсетілді. Ол өткен жылмен салыстырғанда төрт есеге дерлік көп. «Қазпошта» бөлімшелерінде төмендегі қызмет түрлерін жүзеге асыруға болады:

- **салымшының (алушының) қосымша деректемелерін (жеке куәлігінің деректемелері, телефон нөмірі, электрондық және пошталық мекенжайы) өзгерту (толықтыру) туралы өтініш беру);**
- **хабарлау тәсілін өзгерту (белгілеу) (оның ішінде «БЖЗҚ» АҚ қызметтеріне электрондық форматта қол жеткізу үшін)туралы келісімге қол қою.**

Қорда, сондай-ақ, барып қызмет көрсету бөлімдері де іске қосылған. Олар қатаң санитарлық-эпидемиологиялық шараларды сақтай отырып жұмыс істейді. Бұл ретте алдын ала кеңес беру (оның ішінде қызметтерді онлайн алу мүмкіндігін тексеру) жүзеге асырылады.2021 жылдың 1 қазанына барып қызмет көрсету барысында **69 971 операция** жүзеге асырылды.

БЖЗҚ сапалы кеңес беру қызметтерін ұсынуға және Қордың салымшылары мен алушылары үшін ақпараттық арналарды дамытуға ерекше көңіл бөледі. 2021 жылдың 1 қазанына кері байланыс арналары арқылы **1,2 миллионнан аса өтініш**, ал өткен 2020 жылы 1,1 мың өтініш қаралды. Осылайша өсім **8,4%** болды.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ салымшылары мен алушылары 1418 нөмірі (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін) арқылы байланыс орталығына кеңес ала алады. Сондай-ақ, ақыл-кеңестерді www.enpf.kz корпоративтік сайтынан, +7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viberчат-боты арқылы алуға болады, түрлі ақпараттар Facebook, Instagram, ВКонтакте, Twitter, Telegram, Одноклассники әлеуметтік желілеріндегі БЖЗҚ-ның ресми парақшаларында да жарияланған.

Қазақстандықтардың зейнетақы жинақтары 13 триллион теңгеден асты

БЖЗҚ-ның 2021 жылдың 1 қазанындағы негізгі көрсеткіштері

2021 жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының шоттарында 13,1 триллион теңгеден астам зейнетақы жинақтары қалыптасты. 01.10.2020 жылдан бастап 01.10.2021 жылға дейінгі бір жыл ішінде зейнетақы жинақтарының сомасы 569,5 миллиард теңгеге немесе 5% өсті.

Зейнетақы жинақтарының негізгі сомасы міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен жинақталды, оның мөлшері 12,7 трлн теңге (соңғы 12 айдағы өсім – 4%). Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы 349,5 млрд теңге (өсім – 16%), ал ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы 1,6 млрд теңгеге жетті.

2021 жылдың тоғыз айында БЖЗҚ салымшылары өткен жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда көбірек қаражат салды. 2021 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша салымшылардың шоттарына жалпы көлемі 1,2 трлн теңге зейнетақы жарналары түсті, бұл 2020 жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 439,5 млрд теңгеге немесе 57% артық. Жарналардың жалпы көлемінің 95,7% БЖЗҚ-ға МЗЖ бойынша түсімдер құрайды, ол 917,4 млрд теңге (соңғы 12 айдағы өсім - 24%), МКЗЖ бойынша 41,2 млрд теңге (өсім 17%), 496 млн теңге (өсім 41%) ЕЗЖ бойынша аударылды.

Салымшылардың жарналарынан басқа, зейнетақы жинақтарының айтарлықтай өсуі 2021 жылғы 1 қаңтар айынан 1 қазанына дейін 1 триллион теңгеден астам таза инвестициялық табыстың арқасында қамтамасыз етілді. Бұл жемісті болған өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен асып түсті, нақтырақ айтқанда,1% немесе 7 млрд теңгеге артық. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқаруымен БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша кірістілік жыл басынан бері 8,89%, ал инфляция 6,2% құрады. Бұл ретте соңғы 12 айдағы кірістілік – 10,08% , осы кезеңдегі инфляция – 8,9% көрсетті.

БЖЗҚ-дағы жеке зейнетақы шоттарының саны 2021 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 11,7 млн бірлікке тең. Шоттардың ең көп саны міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) бойынша ашылған, олардың саны – 10 909 456 бірлік. Одан әрі МКЗЖ есебінен қалыптасқан шоттар - 534 067 бірлік. БЖЗҚ-дағы ЕЗЖ есебінен қалыптасқан шоттар саны қазір 54 013 бірлік болды.

Жыл басынан бері БЖЗҚ салымшыларына шамамен 2,1 трлн теңге төленді, төлемдердің басым бөлігін біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ) құрады, оның көлемі – 1,9 трлн теңге. Төлемдер сомасы бойынша екінші орында жасы бойынша төлемдер – 71,6 млрд теңге. Одан әрі сақтандыру ұйымдарына аударымдар, ол шамамен 47,6 млрд теңге, мұрагерлік бойынша төлемдер – 43,3 млрд теңге, ҚР шегінен тыс ТТЖ кетуге байланысты төлемдер – 29,1 млрд теңге, жерлеуге – 4,0 млрд теңге және мүгедектік бойынша төлемдер 1,6 млрд теңге.

Кесте бойынша ай сайынғы орташа төлем сомасы (зейнет жасына толуына байланысты) 28 525 теңге, ал ай сайынғы төлемнің ең жоғары сомасы 673 643 теңге болды.

БЖЗҚ журналистерге арналған онлайн-семинар өткізеді

Міне, осымен алтыншы жыл қатарынан Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры халықтың қаржылық сауаттылығын, сондай-ақ, БЖЗҚ қызметтері, зейнетақы жүйесі және зейнетақы заңнамасындағы өзгерістер, дербес зейнетақы жинақтарын қалыптастыру және зейнетақы активтерін басқару жөніндегі қызмет нәтижелері туралы хабардар болу деңгейін арттыруға бағытталған белсенді ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу шеңберінде қаржы журналистикасы мектебінің қарқынды курсын өткізіп келеді.

Қор сарапшылары екі күн бойы қазақ және орыс тілдерінде шеберлік сабақтарын өткізеді. Айта кетейік, курс бағдарламасында қатысушыларға түрлі тақырыптар бойынша оқыту модульдері ұсынылады:
- Қазақстанның зейнетақы жүйесі және «БЖЗҚ» АҚ қызметі;
- демографиялық трендтер және жинақтаушықұрамдауыштың қажеттілігі;
- зейнетақы заңнамасындағыбіржолғы зейнетақы төлемдерін (БЗТ) пайдалану және зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға (ИПБ)аударуға қатысты өзгерістер;
- ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша өзгерістер;
- ЕАЭО елдерін зейнетақымен қамсыздандыру;
- БЖЗҚ-ның цифрлық қызметтері.

Бұған қоса, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен бірлесіп. ҚРҰБ зейнетақы активтерін басқару жөніндегі модуль таныстырылады.

Коронавирус індетіне байланысты биылғы жылы іс-шара, өткен жылғыдай, ыңғайлы онлайн форматта өткізіледі.

Қатысу үшін алдын-ала тіркелу қажет.Қатысуға өтінімді press@enpf.kz электрондық мекенжайына жолдау қажет. Онда ТАӘ, басылымның немесе университеттің атауы, қатысу күні және ватсап қосымшасы бар телефон нөмірі (шақыру-сілтеме жіберу үшін) сияқты жеке деректеріңіз көрсетілуі тиіс.

Шақыру-сілтеме Сізге іс-шара басталардан бір күн бұрын жіберіледі.

ОҚУ ОРНЫНДА

КІТАПХАНА – кітап пен оқырман арасындағы алтын көпір

І. Жансүгіров атындағы мемлекеттік университетінің «Zhansugurov College» ғимаратында орналасқан Ғ. Орманов атындағы кітапханасының №3 оқу залы кітапханашысы Жакыбаева Жеңісгүл Батырханқызы жоғары ақпаратты біліммен қаруланған, өз ісінің шебері, әмбебап маман.

Оның бірден-бір дәлелі, қашан барсаңыз жылы қабақпен қарсы алатын кітапхана меңгерушісінің айналасында оқырман қауымның толып жүретіні. Бұл оқырманның қажеттілігі мен сұранысының қанағаттандырылуынан деп ойлаймын. «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл – жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» деген ғой Жүсіпбек Аймауытов. Көрнекті жазушы сөзінің жаны бар. Шынында кез келген іс-шараны ұйымдастыру үшін жанжақтылық қажет. Әр тақырыптың ашылуы, оның мәнді де мағыналы болуы, оқырмандар тарапынан оң баға алып, ары қарай насихатталуы, ұлттық құндылықтарымыздың жалғасын табуы, осы бір маман иелерінің оң бағыт беруі мен ақпаратты саралай алуына тікелей байланысты.

Жуырда жоғарыда аталған киелі орын – мәдени-ағартушылық мекемеде колледж ішілік «Туған өлкем» атты байқау ұйымдастырылды. Өскелең ұрпақтың туған өлкелеріне деген сүйіспеншілігі мен табиғатты қорғау, оның байлығы мен қадір-қасиетін білу, елге, жерге деген құрмет сияқты рухани құндылықтарды дәріптеу мақсатында ұйымдастырылған байқау оқырмандар тарапынан үлкен ризашылыққа ие болды.

Байқау кезеңі туған өлкелерін таныстырулары барысында әрбіді. Білімгерлер білім көзі, рухани қазына – кітап әлеміне шолу жасау арқылы, арман биігіне самғап, ақыл-ой сұлулық әлеміне шарлады. Олар алған білімдерімен ой қорытуларының және ұйымдастырушының бағыттауының нәтижесінде Жетісудың әлі де белгісіз болып, аңыздардың желісі арқылы ғана танымал, бірақ барып көрсең, шын мәнінде сарқырап ағып жатқан судың астындағы таста бейнесі көрінетін, Қора шатқалында «Бұрқан бұлақ» сарқырамасындағы Қора атты кейіпкердің анасының бейнесінің көрінетіндігі, сонымен бірге оның түсіріліп алынған суреті барлығымызды таң қалдырды. Болашақта зерттеу сұрағымыздың бірі болуға негіз қалыптасты. Біз білмейтін тылсым дүние сырлары қаншама десеңізші. Екіншіден, сол бір тамаша сарқырамада тас бетіне үнемі кемпірқосақтың көрініс табатыны, естіген жұрттың ол жерді көруге және мүмкін болса, кейін осы бір қасиетті жерлерімізді дамытып, керемет демалыс орындарына айналдырса деген ой туындатып, туризм саласы бойынша оқып жатқан білімгерлерімізге ой салды.

Ұйымдастырушы тарапынан өз өлкелері жайлы өлеңдері мен туындыларын оқуға бағыт беру де, білімгерлердің ой-өрісін дамытып, шығармашылықпен жұмыс істеуге итермелеген екен. Біз бұны білімгерлердің оқыған өлең шумақтарынан байқадық. Соның бірі бастауыш білім беру мамандығы тобының білімгері Қабыланбек Меруерттің оқыған өлеңі жүректі тебірентті.

«Алакөлім емші көлім, бар көлім,
Алакөлім мақтанышым, жөргегім,
Жүрегімде сүйініш пен махаббат,
Саған деген артады ыстық сезім!
Жоңғардағы айбынды жер Алакөл,
Алыс жүрсем, арманым сен аңсаған.
Жақын жүрсем, мен төрінде рақаттың.
Алтын діңгек – өзім туған босағам,
Әрқашанда мен сенімен мақтанам!»
«Өрге жүзген өнегелі ісімен,
Таңда адал дос өз теңіңнің ішінен»

деп, «сыншы дос» ретінде әділқазылар тарапынан, ерікті қатысушыларды марапаттауда ерекше көрініс тапты. Несімен дейсіз ғой? Білімгерлердің жауапкершілігі мен Отанына деген әрбір әрекеттеріндегі жаңашылдық пен мақтаныш, еліне, жеріне деген құрметтері арқылы. Олардың бұл қырлары: «туған өлкем» атты фотоальбомдар жинақтауларынан көрініс тапқан екен, біз оны сол бағалаушылардың кері байланысынан байқадық.

Қасиетті орынның киелілігін танытып жүрген кітапхана қызметкері мен оқу-тәрбие істерінің маңыздылығына баса назар аударып, жас ұрпақтың бойы-на еліміздің ертеңі үшін ұлтымыздың керемет құндылықтарын сіңіруіне бағыт беріп жүрген «Zhansuqurov College» әкімшілігі мен ұжымына айтар алғысымыз шексіз.

Бақытгүл БАЙЫРБАЕВА,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті «Zhansugurov college» Тарих және қоғамтану пәндері оқытушысы.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АУДАНДА

АЛДИЯР БАТЫРДЫҢ ЕСКЕРТКІШІ АШЫЛДЫ

Алты Алаштың ардағы, тарихшы ғалым Мұхаметжан Тынышбаевтың «Қазақ халқының тарихы» еңбегінен батыр бабамыз туралы жазба деректерге қанығып өскен кейінгі буын еларалық, жалпыұлттық тұлғаға ескерткіш орнатуды мақсат тұтқаны анық. Сарқан ауданына кіреберісте биік тұғырдағы Алдияр батыр ескерткіші салтанатты түрде ашылды. Ақ түсті матамен көмкерілген ескерткіштің екі жағында батырдың киімін киген 2 ер азамат Құрмет қарауылында тұрды. Сән-салтанаты келіскен ақжаулықты әжелеріміз шашу шашып, ибалы да инабатты қыздарымыз жеті шелпек таратты.

– Тәуелсіздік алғанымыздан бері өткеніміз бен бүгініміз сараланып, болашаққа жол ашылып, ұлы тұлғаларымыздың ұлағатты ерлікке толы істері кеңінен ұлықталып келеді, – деді ескерткіштің салтанатты ашылу тізгінін қолына алған Қазақстанның өнер қайраткері, Мұхтар Әуезов атындағы драма театрының актері Саят Мерекеұлы. – *Елімізде қазақтың бостандығы мен азаттығы жолында азап шеккен тұлғаларға, қазақ елінің бірлігі мен жерінің тұтастығы үшін жанын қиған батыр бабаларымызға ескерткіштер қойылып, олардың есімдері жас ұрпаққа жете танылуда. Осындай игі істер өз жалғасын тауып, бүгінгі күні Сарқан ауданында Алдияр батырдың еңселі ескерткіші бой көтеріп отыр.*

Батыр баба ескерткішінің ашылу салтанатында Сарқан ауданының Құрметті азаматы, абыз ақсақал Болат Рахметқалиев бата беріп, Сарқан ауданының әкімі Талғат Қайнарбеков кіріспе сөзінде жұртшылыққа қиын-қыстау кезеңде қалың еліне көшбасшы болған батырдың ерлік жолы жөнінде қысқаша айтып өтті.

ӨЗ ЗАМАНЫНДА ЕЛ ІРГЕСІН НЫҒАЙТЫП, БІРЛІГІН САҚТАП, УАҚЫТ СЫНЫНА ТӨТЕП БЕРІП, ТАРИХ САХНАСЫНАН ӨЗІНІҢ ОРНЫН АЛҒАН АЛДИЯР БАТЫР ТӘУКЕ ХАН ТҰСЫНДА ҚАЗАҚ ЖЕРІНІҢ БІР СҮЙЕМІН ДЕ ЖАУ ТАБАНЫНА БАСТЫРМАЙМЫН, ҚАЛМАҚТЫҢ АДЫМЫН АШТЫРМАЙМЫН ДЕП АТҚА ҚОНЫПТЫ. БҰҒАН ДЕЙІН ҚЫРҒЫЗ ЕЛІНДЕ БАТЫРЛЫҒЫМЕН ТАНЫЛҒАН ЕР АЛДИЯРДЫ ТӘУКЕ ХАН БЕДЕЛДІ ЕЛШІЛЕР ЖІБЕРІП ШАҚЫРЫП АЛЫП, ОҢ ЖАҒЫНАН ОРЫН БЕРІП, ҚАСАРЫСҚАН ДҰШПАНДЫ ҚАЗАҚ ЖЕРІНЕ ҚАДАМ БАСТЫРМАҒАН ӨР ТҰЛҒАНЫҢ ӨЖЕТТІГІН, МІНЕЗІНІҢ КЕСЕКТІГІН ҚАДІР ТҰТҚАН КӨРІНЕДІ.

Алдияр Елкеұлы шамамен 1641-1712 жылдары ғұмыр кешіп, қазақ-қалмақ соғыстарында есімі аңызға айналған хас батыр. Есімі Садыр руының ұранына айналған. Шыршық өзені жағасында жоңғармен соғыста қаза тауып, Жаңақорғандағы қасиетті Төлегетай, Қылышты ата қорымына жерленген.

«Өсетін ел тарихын таспен жазады, өшетін ел тарихын жаспен жазады», – деп дана халқымыз айтпақшы, ескерткіш бір мезеттік дүние емес, ұрпақтарға қалатын тарихи мұра. Осы мәңгілік мұра аудан тұрғындарының, еліміздің түпкір-түпкірінде тұратын баба ұрпақтарының, жерлестеріміздің демеушілік көмегімен орнатылған. Аудан әкімі Талғат Қанатұлы, ұйымдастыру комитетінің төрағасы Қадыр Абдрахманов, «Бабалар рухы» қоғамдық қорының төрағасы Жанат Мұқашев Алдияр батыр ескерткішін салтанатты түрде ашып, ескерткішті сомдаған Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, Мәдениет саласының үздігі, еліміздегі көптеген мүсіндердің авторы Еркін Мақұлбаевтың иығына ұйымдастыру комитеті атынан шапан жабылып, құрмет көрсетілді.

Салтанатты жиында Нұр-Сұлтан қаласынан елген генерал-майор Сағатбек Нұрахметов, ақын, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Маралтай Райымбекұлы, баба ескерткішінің орнатылуына ұйытқы болған алматылық Жанат Тойшыбеков, Қызылордадан келген бабамыздың ұрпағы Орынбай Ахметов, Талдықорған қаласынан келген қадірлі қонағымыз Болат Молдабеков сөз алып, табанымен шоқ басқан батыр бабамыз жайында тебіреністі лебіздерін ортаға салды.

Жиын қорытындысында ұйымдастыру комитетінің төрағасы Қадыр Абдрахманов ауқымды жұмысты бір атаның баласындай атқарған барша қауымға алғысын айтып, ақ тілегін ақтарды. Сол күні түсте алыс-жақыннан келген ағайын баба рухына арналған асқа қатысып, танымал қоғамтанушы ғалымдардың, тарихшылардың, жазушылардың ғылыми материалдары мен мақалалары, арнаулар, күйлер, дастандар, өлеңдер мен әндер жинақталған, тарихи тұлғаның, ұлы қазақ қолбасшысының бітім-болмысы сомдалған «Алдияр батыр» кітабының тұсауын кесті. Кешке батыр баба рухын аспандатқан Қазақстан өнер жұлдыздарының концерті болды.

Жомарт ИГІМАН
САРҚАН АУДАНЫ

ОҚЫТУШЫ ОЙЫ

ТӘУЕЛСІЗДІК - ұлт рухының бастауы

«Ұлт», «рух»«еркіндік» деген ұғымдарды Тәуелсіздіктен бөліп жаруға болмайтыны белгілі. Айналып келгенде, Тәуелсіздіктің түпкі межелі мақсаты да ұлттың толық мағынасы бостандыққа жетуі емес пе?! Рухы мықты елдің тағдырын сындыру мүмкін емес. Рух ай қылышын жарқылдатып, жауға шабар көзсіз батырлық қана емес. Рух ұлттың ішкі діңгегін бекітіп, тінін қатайтар, ақыл мен парасатты серік етер, жаны жомарт, жүрегі таза күрескер ұрпақты қалыптастыру, интеллектуалды қоғамның иесі болар интеллектуалды тұлғаларды тәрбиелеу.

Міне, жаңа дәуір жалына жармасып, дамыған отыз елдің қатарына ілігуді меже тұтқан жаңа Қазақстанның жаңа тарихтағы орнын анықтайтын рухани критерийлердің жауабын да осы кеңістіктен іздеуіміз керек.

Рух – ұлттың алтын қазығы болғанда, рухты қалыптастыру мен тәрбиелеудің көзі – рухани кеңістік. Әдебиет пен өнер – рухани кеңістіктің негізі. Бұл – ежелден келе жатқан артық дәлелді қажет ете бермейтін ақиқат.

«Өнер алды – қызыл тіл» дейтін жазусыз қағидаға ден қойған халықтың жаһандану дейтін құбылыспен бетпе-бет келген дәуірінде өмір сүріп отырған біздің ұрпаққа ұлттың рухани тұтастығын сақтаудың ауыр міндеті жүктеліп отыр.

Интеграция атаулының емін еркін жүруіне мол мүмкіндік беріліп, жол барынша кең ашылған жиырма бірінші ғасырда үлкенді-кішілі елдердің технологиясы дамып, ықпалдастықта өмір сүру қабілетінің жетіле түскені – күнгейлі құбылыс. Бірақ осынау күнгейлі құбылыстың ел өміріне еркін енуі өзімен қоса көлеңкелі тұстарды да ерте келді. Әсіресе, рухани өмірміздің қабағына кірбің ұялатар аса қолайсыз, жайсыз, рабайсыз, кескінсіз өнерсымақ дүниелер көбейді. Күні кеше ғана әлемге үрей мен қорқыныш тудырып келген алып империя қанатының астынан шыққан он бес елдің бірі ретінде Қазақстан да жаһандану дейтін жұмбағы мен сыры беймәлім әлеммен бетпе-бет келді. Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңіндегі азаттықтың таза ауасына тұншыға шапқылап, еліктеу мен солықтау қанатында өткен жылдар артта қалды. Рухты қорғау мен сақтаудың қатар-қатар үй тігіліп, аста-төк той жасаумен атқарылатын үлгілері сол еліктеу-солықтау дәуірінің қолтығында қалып барады. Рухты тәрбиелеудің, рухты сақтаудың жаңа дәуірі келе жатқанын, әдебиет пен өнердің насихаттаудың жаңа, соңғы үлгілері қажет екенін сезе бастадық.

Рух атаулының бастауы да, қорғаушысы да Тәуелсіздік екенін жанымызбен, жүрегімізбен түйсінеміз. Мына аспан асты, жер үстінде қазақ мәдениетіне жаңа тұрпатты кеңістік қалыптастыру арқылы әдебиетке, өнерге қамқорлық жасайтын бірден-бір қуат көзі қуатты Қазақстан ғана екенін де ойымызбен, санамызбен сезінген үстіне сезіне түсудеміз.

Елбасы Н. Назарбаевтың сөзімен айтар болсақ, «дүние дидары өзгерген» жаңа дәуір ақиқаттарын таразы-талқыға сала отырып, ұлт әдебиеті мен мәдениетін «жұтылып кету» қаупінен сақтап қалу қамын жасауға кірісккеніміз де сондықтан…

Сырттан келген алуан түрлі мәдени, рухани, діни бағыттағы «қамқоршылардың» әрекеттерінен ұлт рухын әлсіретуге, тіліміз бен дінімізді, ділміз бен мәдениетімізді кіріптар етуге ұмтылыс байқалды. Пәрменімен алғашқы дәстүрлі жылдардың бірінің «Тарихи сана» жылы деп аталуы да бекер емес.

Сана еркіндігі – ұлттық рухтың өрістеуіне жағдай жасады, жас ұрпақтың отаншылдық келбетін күшейтті, азаматтардың мемлекетшіл санасын нығайтты. Осы орайда, отандық тарих ғылымы алдында ұланғайыр міндеттерді тұрғанын көреміз. кездестіреміз. Ұлттық рухы биік мемлекет, ұлттық мүддесін қорғай білген мемлекет өзгелерге өзін мойындатып, әлемдік өркениеттен өзіне тиісті орынды иеленеді. Ал Отан тарихынан отаншылдықты, ұлтжандылықтың, ұлттық рухтың лебі еседі.

Жаңа мыңжылдыққа Қазақстан тәуелсіз, дербес мемлекет болып қадам басты. Әлеуметтік-экономикалық жүйе өзгерді. Қазақстан әлемдік қауымдастықтың, БҰҰ-ның тең құқықты мүшесі болып, өз егемендігін заң жүзінде де, іс жүзінде де дүние жүзіне тегіс мойындатты.

Елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – қазан» дейді дана халқымыз. Ал біз ел өміріндегі осынау күрмеуі қиын күрделі мәселелердің қай-қайсысымен де күдіктілігімізді сейілтіп, үмітімізді үкілеген жасампаздыққа толы жеңісті сәттеріміздің барлығымен де ұлт Тәуелсіздігінің ширек ғасырында бетпе-бет келіп, дәуір, замана томағасын сыпырып отырмыз.

Әрине, бұл кезең адамзат дамуының кеңістігі мен тарихы үшін тарыдай ғана уақыт… Десек те, осы бір ел үміті мен күдігі арбасқан, саяси сахналар алмасқан ширек ғасырлық мерзімнің елең-алаңына қайыра көз жүгіртіп көрелікші… Қалай еді?! Ел Азаттығы жарияланған тұста мектептің бірінші сыныбына барған баланың өзі отыздан асып, мемлекет, қоғам ісіне еркін араласып жүрсе, сол жылы туған ұлт перзенті, ұлт Тәуелсіздігімен түйдей жасты – отызға толып, ел өміріне, ел дамуына өз үлесін қоса бастағаны – шындық.

Турасын айту керек, олардың өмір, қоғам, заман туралы түсініктері немерелерінің алды жиырма беске келіп қалған біздің буыннан гөрі өзгеше… «Қазақстан – кешегі бодан болған ел» деген сөзге таңырқай қарайтындар өте көп. Әлбетте, бұл таңырқау – біз үшін парадокс! Ал ойы, санасы бодандықтан адакүде өсіп келе жатқан ұрпақ үшін бұл таңырқау – заңды құбылыс! Әрі-берiден соң осынау «таңырқау» төркінінде Тәуелсіздіктің жеңісі жатқаны анық!

Сайып келгенде, сана еркіндігі мен рух еркіндігі бұл екеуі де Тәуелсіздік дейтін киелі де қасиетті дәуірдің жемісі!

Қазақ Елінің өткен, бүгін, болашақ дейтін уақыт кеңістігіндегі орнын анықтап, тиянақтауға бағыттайтын «Мәңгілік Ел» атты ұлт бағдарламасының күллі жаратылысы мен болмысында да осы тәуелсіздік пен уақыт рухын айғақтар, дәйектер ұлт рухының күретамыры атқақтай соғып жатқаны даусыз.

Бұл – ұраннің сөзі емес, өз кіндігі мен тағдырын Қазақстан есімді ұлы жұртқа байлаған әрбір адамның көкірек төріндегі құранның сезімдей естілер басты ұғым, басты құндылығымыз! Тұмарымыз!

Тәуелсіздік – қазақ еліне сабырдың қанатында, тәуекелдің жалында, ақылмен, парасатпен, ұстамдылықпен, бүгілмес намыспен, қайтпас қайсарлықпен үлкен күреспен келді! тәуелсіздік жолы – күрес жолы. Тарихқа тағзым – отаншылдықтың, ұлтжандылықтың белгісі!

Ж. ҚАНТАРБАЕВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Дінтану және мәдениеттану кафедрасының доценті.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БЖЗК

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

С начала года вкладчики ЕНПФ получили свыше 30 миллионов услуг

Единый накопительный пенсионный фонд только за девять месяцев текущего года (в период с 01.01.2021 по 01.10.2021) оказал своим вкладчикам **30,3 миллионов услуг**. Это на **45,8%** больше, чем за аналогичный период прошлого 2020 года.

Большая часть услуг оказывается в электронном формате. Вкладчикам было оказано свыше **22,2 миллионов онлайн-услуг, что составляет 73,2% от общего объёма услуг**. По сравнению с предыдущим годом показатели выросли почти в два раза (за прошлый год вкладчики Фонда получили в виртуальном пространстве около 13 млн услуг).Напомним, что в Личном кабинете, который есть как на сайте, так и в мобильном приложении ЕНПФ, вкладчики имеют возможность получать услуги в любое время и в любом месте. Например, это получение выписки с индивидуального пенсионного счета, внесение изменений и дополнений в свои реквизиты, получение справки о наличии ИПС, подача заявления о назначении пенсионных выплат в связи с установлением инвалидности 1 или 2 группы бессрочно, отслеживание статуса заявления на выплату и многое другое.

В автоматическом формате (беззаявительные обращения) было **оказано 5,1 миллионов услуг или 16,9% от общего объема**.Сюда входят к примеру, автоматическое открытие индивидуальных пенсионных счетов по учету обязательных пенсионных взносов (ОПВ) или добровольных пенсионных взносов (ДПВ). Напомним, в случае отсутствия у физического лица в ЕНПФ открытого ИПС, он открывается в информационной системе ЕНПФ автоматически при поступлении первого взноса. При этом идентификация физического лица осуществляется по персональным данным указанным в электронном формате платежного поручения при перечислении ОПВ или ДПВ, а все необходимые сведения о реквизитах действующего документа и место проживания, ЕНПФ получает из информационных систем государственных органов.

Порядка 1,7 миллионов услуг вкладчики получили непосредственно в офисах обслуживания Фонда. В 183 подразделениях ЕНПФ по всему Казахстану вкладчикам оказано **1 722 696 услуг**, что на 732,6 тыс. услуг (или на74,0%) больше, чем в прошлом году.

Благодаря совместному проекту АО «ЕНПФ» и АО «Казпочта» по оказанию услуг в отдалённых населённых пунктах в отделениях национального почтового оператора, вкладчикам фонда на 1 октября 2021 года в 347 отделениях почтового оператора было оказано **13216 услуг**, что в четыре раза больше, чем в прошлом году. Отметим, что в подразделениях «Казпочты» можно произвести следующие виды операций:

• подать заявление об изменении (дополнении) дополнительных реквизитов вкладчика (получателя) (реквизиты удостоверения личности, номер телефона, электронный и почтовый адреса);

• подписать соглашение об изменении (определении) способа информирования (в том числе для получения доступа к услугам АО «ЕНПФ» в электронном формате).

Имеются в ЕНПФ и отделы выездного обслуживания. Они работают с соблюдением строгих санитарно-эпидемиологических мер, при этом осуществляется предварительная консультация (в том числе проверка на возможность получения услуг онлайн). В ходе выездного обслуживания на 1 октября 2021 года было осуществлено **69 971 операций**.

Особое внимание ЕНПФ уделяет предоставлению качественных консультационных услуг и развитию информационных каналов для вкладчиков и получателей Фонда. На 1 октября2021 года количество обращений вкладчиков по каналам обратной связи составило **1,2 млн обращений**, а в прошлом 2020 году 1,1 млн обращений, рост составил **8,4%**.

Напоминаем, получить консультацию вкладчики и получатели ЕНПФ могут в call-центре по номеру 1418 (звонок по Казахстану бесплатный), а также консультации можно получить на корпоративном сайте www.enpf.kz, посредством чат-бота в WhatsApp и Viber по номеру +7 777 000 14 18 и на официальных страницах ЕНПФ в социальных сетях Instagram, Facebook, ВКонтакте, Twitter,Telegram, Одноклассники.

Пенсионные накопления казахстанцев превысили 13 триллионов тенге

Ключевые показатели ЕНПФ на 1 октября

На 1 октября 2021 года на счетах вкладчиков Единого накопительного пенсионного фонда сформированы пенсионные накопления на сумму более 13,1 триллионов тенге. За год, с 01.10.2020 года по 01.10.2021 года, сумма увеличилась на 569,5 миллиардов тенгеилина 5%.

Основная сумма пенсионных накоплений сформировалась за счёт обязательных пенсионных взносов (ОПВ) и составила 12,7 трлн тенге (рост за последние 12 месяцев составил 4%). Сумма пенсионных накоплений по обязательным профессиональным пенсионным взносам (ОППВ) составила 349,5 млрд тенге (рост составил 16%), сумма пенсионных накоплений по добровольным пенсионным взносам (ДПВ) составила 1,6 млрд тенге.

За девять месяцев 2021 года вкладчики ЕНПФ внесли больше средств, чем за аналогичный период прошлого года. На 1 октября2021 года на счета вкладчиков поступили пенсионные взносы в общем объёме 1,2 трлн тенге, что значительно превысило показатель за аналогичный период 2020 года на 439,5 млрд тенге или 57%. Из общего объёма взносов 95,7% составляют поступления в ЕНПФ по ОПВ – 917,4 млрд тенге (рост за последние 12 месяцев24%), по ОППВ поступило41,2 млрд тенге (рост 17%), 496 млн тенге (рост41%) было перечислено по ДПВ.

Помимо взносов самих вкладчиков значительный прирост пенсионных накоплений был обеспечен благодаря чистому инвестиционному доходу, который с 1 января по 1 октября 2021 года превысил 1 трлн тенге, что немного превышает показатели не менее успешного прошлого года, а точнее на 7 млрд тенге или 1%. Доходность по пенсионным активам ЕНПФ под управлением Национального банка Республики Казахстан с начала года она составляло 8,89%, при инфляции в 6,2%. При этом доходность за последние 12 месяцев составила 10,08%, при инфляции за этот же период в 8,9%.

Число индивидуальных пенсионных счетов в ЕНПФ на 1 октября 2021 года составило 11,7 млн единиц. Наибольшее количество счетов открыто по обязательным пенсионным взносам (ОПВ) – 10 909 456 единиц. Далее идут счета, сформированные за счёт ОППВ,534 067ед., количество счетов за счёт ДПВ в ЕНПФ сейчас 54 013ед.

С начала года вкладчикам ЕНПФ выплатил более 2,1 трлн тенге, большую часть составили единовременные пенсионные выплаты (ЕПВ) - 1,9 трлн тенге. Выплаты по возрасту - 71,6 млрд тенге. Далее следуют: переводы в страховые организации - они составили порядка 47,6 млрд тенге, выплаты по наследству 43,3 млрд тенге, в связи с выездом на ПМЖ за пределы РК 29,1млрд тенге, на погребение 4,0 млрд тенге и выплаты по инвалидности 1,6 млрд тенге.

Стоит отметить, что сумма средней ежемесячной выплаты по графику (в связи с достижением пенсионного возраста) составила 28 525 тенге, а максимальная сумма ежемесячной выплаты составила 673 643тенге.

ЕНПФ проводит онлайн-семинар для журналистов

Вот уже шестой год подряд Единый накопительный пенсионный фонд в рамках проведения активной информационно-разъяснительной работы среди населения, направленной на повышение финансовой грамотности, а также осведомлённости об услугах ЕНПФ, о пенсионной системе и изменениях в пенсионном законодательстве, формировании персональных пенсионных сбережениййрезультатах деятельности по управлению пенсионными активами проводит интенсивный курс школы финансовой журналистики.

В течение двух дней эксперты Фонда проведут мастер-классы на казахском и русском языках. Отметим, что в программе курса для участников будут представлены обучающие модули по различным темам:

- пенсионная система Казахстана и деятельность АО «ЕНПФ»;
- демографические тренды и необходимость накопительного компонента;
- изменения в пенсионном законодательстве в части использования единовременных пенсионных выплат (ЕПВ) и перевода пенсионных накоплений в доверительное управление (УИП);
- изменения в части добровольных пенсионных взносов (ДПВ);
- пенсионное обеспечение ЕАЭС);
- цифровые услуги ЕНПФ.

Кроме того, совместно с Национальным банком Республики Казахстан будет презентован модуль по Управлению пенсионными активами НБРК.

В этом году в связи с пандемией коронавирусамероприятие,как и прошлом году, будет проводится в удобном онлайн-формате.

Для участия необходима предварительная регистрация. Заявку на участие необходимо направить на электронный адрес press@enpf.kz с указанием информации о себе: ФИО, наименования издания или университета, даты участия и номера телефона с WhatsApp (для отправки ссылки-приглашения).

Ссылка-приглашение будет вам направлена за день до начала мероприятия.

ПРОЕКТ

ПРОДВИЖЕНИЕ ИДЕЙ ЗОЖ

С 16 августа 2021 года Общественное объединение «ҚОС ҚАНАТ ЖЕТІСУ» реализует проект, основной целью которого является профилактика заболеваемости инфекций передаваемых половым путем и темпов распространения ВИЧ/СПИДа среди подростков, молодежи и общего населения Алматинской области.

Эпидемия ВИЧ/СПИДа в мире распространяется чрезвычайно быстро. Более половины всех случаев ВИЧ-инфицирования в Казахстане приходится на молодежь и трудоспособное население страны. Уровень информированности и знаний молодежи о вопросах ВИЧ/СПИДа остается низким и не позволяет молодым людям делать осознанный выбор линии поведения.

Актуальность проблемы ВИЧ/СПИД заключается в том, что эпидемия не является только медицинской проблемой. Её распространение, затрагивает все сферы жизни общества и касается каждого из нас. Взгляд на эпидемию как на проблему асоциальных людей отошел в прошлое. В настоящее время ВИЧ-инфекция проникла во все слои населения, включая благополучные, не причисленные к «группам риска», но практикующие рискованное поведение.

Сдерживание темпов распространения ВИЧ-инфекции обеспечивается благодаря реализации профилактических программ среди общего населения и уязвимых групп, которые осуществляется в соответствии с международными рекомендациями.

Повсеместная, доступная, регулярная информация о ВИЧ-инфекции, ее развитии, проявлениях заболевания, его профилактике и лечении нужна молодежи: чтобы снизить до минимума риск заражения и распространения заболевания; чтобы терпимей относится к ВИЧ-позитивным людям; чтобы продолжать жить и не стать изгоем, если заражение по какой-либо причине произошло.

Школьники старших классов, студенты являются самой приоритетной группой для проведения образовательных программ. Большую часть этой группы сотрудники Общественного объединения «ҚОС ҚАНАТ ЖЕТІСУ» охватывают профилактическими образовательными мероприятиями через учебные заведения, в которых они обучаются. С этой целью в период с 16августа по 31 октября было подготовлено и осуществлено 10 выездов в сельские регионы Алматинской области для проведения профилактических мероприятий.

Организаторы проекта понимали, что для эффективной работы необходима хорошая подготовка. Перед собой они поставили задачу – разработать программу так, чтобы было качественно, легко и с удовольствием проводить образовательные мероприятия. Для проведения профилактических тренингов проектная команда разработала обучающий модуль на тему «Формирование здоровых альтернатив риску» на казахском и русском языках с учетом потребностей молодежи в знаниях по профилактики ВИЧ инфекции и сохранению своего здоровья.

Разрабатывая Модуль, сотрудники придерживалась следующих принципов:

Познавательность;

Позитивность;

Простота использования и практичность;

Интерактивность.

Методика ситуативного моделирования позволила молодым людям проигрывать ситуации, и как выразились сами школьники, они стали более подготовленными к реальной жизни. Никто из участников не остался сторонним наблюдателем. Каждому дана была возможность проявить себя. Организаторы помнили, что их задача как ведущих – не столько дать правильный выход из конкретной ситуации, сколько направить ход мыслей к поиску решений различных проблем. Каждая сессия содержит информационный блок, ролевые игры, просмотр видеороликов и презентаций, работу в малых группах, разминки, обязательно групповое обсуждение и обратная связь. Материал всех тренировочных заданий охватывал эффективно всех участников, явился для них хорошей информационной и обучающей базой. Темы сессий модераторы связали с примерами из жизни, концентрировала внимание учащихся на содержании занятия, давали понятные указания для всех действий. Основной целью проведения тренингов являлась выработка и развитие навыков предотвращения рискованного поведения, формирование здорового образа жизни.Общий охват составил более 700 учащихся.

ОБЩЕСТВО

ОСТАВАЙСЯ ЗДОРОВЫМ!

Более 200 осужденных учреждений ЛА 155/8, ЛА 155/14 за период с 24/09 по 29/10 приняли участие в профилактических мероприятиях, организованных сотрудниками ОО«ҚОС ҚАНАТ ЖЕТІСУ» при поддержке Департамента уголовно исполнительной системы Алматинской области и сотрудников исправительных учреждений.

Основная цель мероприятий – информирование осужденных граждан о позитивных преобразованиях в здравоохранении, формирование ответственного отношения к своему здоровью.



Данный социальный проект реализуется в пенитенциарных учреждениях с намерением изменить отношение к своему здоровью у осужденных через пропаганду здорового образа жизни, возможность практически повлиять, силами самих заключенных, на осознанный выбор в пользу здорового образа жизни, на жизненные установки и ценностные ориентиры.

Путем разработанной системы тренингов и проведения творческих мероприятий сотрудники проекта, врачи эпидемиологи и врачи противотуберкулезной службы вовлекают осужденных в общественную и творческую жизнь, направленную на повышение информационной осведомленности участников о социально значимых заболеваниях, таких как ВИЧ, туберкулез, инфекции передающиеся половым путем. Кроме этого, тренинги проходят в формате интерактивных мероприятий, на которых участники могут выносить интересующие темы для обсуждения, делиться своим жизненным опытом, предлагать новые формы работы, получать ответы на вопросы.

«Девизом нашей работы по формированию здорового образа жизни в исправительных учреждениях стали слова Франсуа Волетера: «Приобрести здоровье – храбрость, сохранить его – мудрость, а умело распорядиться им – искусство». Рано или поздно срок заключения закончится и мы от души желаем, чтобы все вернулись к своим родным и близким здоровыми»,говорит участник проектной команды Сырлыбаева Анель.

Проект реализуется в рамках государственного социального заказа, финансируемого ГУ «Управлением здравоохранения Алматинской области».

Проект финансируется ГУ «Управлением здравоохранения» Алматинской области.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЧЕМПИОНАТ

ТОЛАҒАЙЛАР ТАРТЫСЫ

ТАЛДЫҚОРҒАНДАҒЫ «ӨРКЕН» СПОРТ КЕШЕНІНДЕ АУЫР АТЛЕТИКАДАН ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚР ЖЕКЕ КОМАНДАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТЫ БАСТАЛДЫ.

Жарысқа еліміздің әр өңірінен іріктеліп келген 200-ге жуық спортшы қатысты. Зілтемірді білегінде ойнатқан толағайлардың бәсекесін тамашалауға ҚР Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова, облыс әкімі Амандық Баталов, ҚР Мәдениет және спорт министрінің штаттан тыс кеңесшісі Ислам Байрамуков, ҚР Ұлттық Олимпиада комитетінің бас директоры Серік Қасқабасов, ҚР ауыр атлетика федерациясының бас хатшысы Алдияр Нұралинов, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұрбақыт Теңізбаев келді.

Жарыстың ашылу салтанатында сөз алған Ақтоты Райымқұлова:

– *Елбасы мен Мемлекет басшысының сындарлы саясатының арқасында халықтың экономикалық әл-ауқатымен қатар спорт та қарыштап дамып келеді. Спорт – ел дамуының басым бағыттарының бірі. Үкіметтің қолдауымен Қазақстан спорты әлемдік бәсекеге қабілетті деңгейімен танылды. Осы іске үлес қосып, республикалық шараның жоғары деңгейде өтуіне қолдау көрсеткен облыс басшылығына, ауыр атлетика федерациясына ризашылығымды білдіремін*, – деп жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Өз кезегінде Амандық Ғаббасұлы: *«Бұл жарысты өткізу біз үшін үлкен мәртебе. Қасиетті Жетісу жерінен әлемдік ареналарда топ жарып жүрген спортшылар көптеп шығуда. Байрақты бәсекеде ел намысын абыроймен қорғап жүрген тау көтерген толағайлар да жыл санап артып келеді. 2015 жылдан бүгінге дейін облыста 13 спорттық-сауықтыру кешені салынды. Биыл олимпиадалық жүзу бассейні пайдалануға берілді. Тағы 4 спорттық-сауықтыру кешенінің құрылысы жүріп жатыр. Осындай қолдау шараларының арқасында облыс спортшыларының жетістіктері артып, бүгінгідей айтулы шаралар тұрақты өткізіліп келеді»*, – деп, облыстағы спортшылардың жетістігін айтты.

Осыдан кейін Араб түбегінің Джедда қаласында өткен әлем біріншілігінде жеңістің желкенін көтерген облыс спортшысы Руфина Чалкарова мен Қызылорда облысының ауыр атлеті Рахат Бекболатқа ҚР Мәдениет және спорт министрі мен ауыр атлетика федерациясының Алғыс хаты және ақшалай сыйлық табысталды.

Толағайлардың бәсекесі тартысты басталды. Еліміздің әр қиырынан 15 команданың спортшылары 20 түрлі салмақ дәрежесі бойынша сынға түсті. Әрқайсысы жеңімпаз атану үшін барын салуда. Айта кетейік, ел біріншілігі 11 қарашаға дейін жалғасады.

Мұнан соң Салтанат сарайында жиын өтті. Оған еліміздің әр өңірінен жиналған ауыр атлетика жаттықтырушылары қатысты. Отырыста Жаттықтырушылар кеңесінің басым көпшілік дауысымен Дәурен Бекмұханбетов ауыр атлетикадан Қазақстан құрамасының бас бапкері болып сайланды.

Сапар барысында Мәдениет және спорт министрі қолбасшы, батыр Жолбарыс Жылқайдарұлының ескерткішіне барды, «Жастар» спорт сарайына бас сұғып, «Жетісу» волейбол клубының қыздарымен әңгімелесті. Қазақстанның 8 дүркін жеңімпазы болған волейболшы қыздармен естелік суретке түсіп, спортшылардың алдағы жарыстарына сәттілік тіледі.

Сондай-ақ, Ескелді ауданындағы дене шынықтыру-сауықтыру спорт кешенін аралап, ондағы жұмыс барысымен танысып, жас спортшылармен кездесті.

Айдар ҚАЛИЕВ

БӘРЕКЕЛДІ!

ҚАРАТАЛДЫҚ ШАХМАТШЫЛАР

Ескелді ауданы Қарабұлақ ауылындағы денешынықтыру-сауықтыру кешенінде Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Karabulak open -2021» шахмат турнирі өтті.

Іс-шараның мақсаты – Алматы облысында шахмат ойынын танымал ету және дамыту, шахматшылардың спорттық шеберлігін арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау. Шахмат сайысына Тәжікстан, Өзбекстан, Алматы, Атырау, Нұр-Сұлтан және Алматы облысының Райымбек, Қарасай, Ескелді, Көксу аудандары, Талдықорған, Текелі қалаларынан жалпы саны 105 адам қатысты. Жарыс жүлдесі 500 мың теңгені құрады. Ескелді ауданының әкімі Рустам Әли құттықтау сөз сөйлеп, жарысқа қатысушыларға сәттілік тілеп, алғашқы жүрісті бастап берді.

Осы сайыста Александр Тюляндин баптайтын Қаратал аудандық балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің жас шахматшылары өз өнерлерін көрсетті. Турнирде сайысқа қатысушылар жас ерекшелігіне, біліктілігіне, рейтингісіне қарамастан бірге ойнады. Жарысқа қатысушылар FIDE ережелері бойынша реттелетін «Swiss-manager» швейцариялық жүйесі негізінде 9 тур бойынша сайысқа түсті. Әрбір қатысушыға ойынның соңына дейін алғашқы жүрістен бастап әрбір жүріс үшін 8 минутқа қосымша 2 секунд қосылып отырды. Байқау жеңімпазы ең жоғары ұпай бойынша анықталды. Екі немесе одан да көп қатысушылардың ұпайлары тең болған жағдайда Бухгольц коэффициенті, жеңістер саны, прогресс коэффициенті, жеке кездесудің нәтижесі бойынша шығарылды.

Сайыс қорытындысы бойынша үштөбелік шахматшылар тамаша ойын өрнегін көрсетіп, жақсы нәтижеге қол жеткізді. Қыздар арасында топ жарған Аида Жанатбек жүлделі 3-ші орынға қол жеткізді. Ардагерлер арасында ойнаған Александр Тюляндин 2-ші орын иегері атанды. Ерекше айта кетерлігі, шахматшы Ерназар Исумбаев 105 ойыншының ішінде үздік 5-ші орынға жайғасып, арнайы қаржылай сыйлыққа ие болды. Бір айта кетерлігі, осынау турнирге Нұр-Сұлтан қаласынан гросмейстер Нұрлан Ибраев, халықаралық шеберлер: Тәжікстаннан Мұхаммед Хусенходжаев, Алматы қаласынан Рамазан Жалмаханов, Фиде шеберлері: өзбекстандық Азамат Даиримбетов, Алматы облысынан Ален Рақымжан, әйелдер арасындағы Фиде шебері, алматылық Әлия Нұрманова секілді кіл мықтылардың қатысуынан турнир деңгейінің аса жоғары болғанын байқаймыз. Үштөбелік шахматшы Ерназар Исумбаев ұпай саны бойынша тіпті кейбір халықаралық шеберлерден басым түсті. Мұны жас шахматшының қажырлы еңбегі мен жеңіске деген ерік-жігері дегеніміз абзал.

Біз қараталдық шахматшыларды табысымен құттықтап, байрақты бәсекелерде аудан намысын абыроймен қорғап, жетістікке жетулеріне тілектестік білдіреміз.

А. ӨМІРБАЕВ.

ФУТБОЛ

БҮГІНДЕ ШАҒЫН ФУТБОЛ ДАМЫП КЕТТІ ДЕСЕ БОЛАДЫ. ӘСІРЕСЕ ӘУЕСҚОЙЛАР АРАСЫНДА ШАҒЫН ФУТБОЛДЫ КӘСІБИ ТҰРҒЫДА ОЙНАП, ЖАНКҮЙЕРДІҢ ДЕЛЕБЕСІН ҚОЗДЫРАТЫН КОМАНДАЛАР ЖЕТЕРЛІК.

«ЕРКІН» КОМАНДАСЫ ЧЕМПИОН

Дәл осындай мықты команданың бірі – Еркін ауылының командасы. «Еркін» командасы кілең ауыл жастарынан құралған. Олар талай бәсекеге қатысып жеңістің туын желбіретіп жүр. Өткен жылы қала біріншілігінде тамаша өнер көрсетті. Биыл әуесқойлар арасындағы чемпионатта доп теуіп, үздік ойындармен көзге түсті. Чемпионаттың алғашқы күнінен бастап, соңғы кезге дейін ұпайдан шашау шығармады. Әр кездесуінде жеңіске жетіп, чемпиондыққа қадымдап жақын отырды. Соңғы шешуші кезеңде де кескілескен ойын өрнегін көрсетіп, әуесқойлар арасында чемпион атағын жеңіп алды. Команданың үздіктері Алмас Мырзахметов, Санат Мұратов, команда капитаны Нұрлан Ибраев әр ойында доп соқпай қайтпайтын сақа ойыншы атанды.

Бүтін ауыл балаларынан құралған командаға қолдау көрсететіндерде жетерлік. Үнемі салауатты өмір салтын насихаттап, қайырымды іске қол ұшын беріп жүретін қайырымды адамдар жетерлік. Солардың арасында Талдықорған қаласы мәслихатының депутаты Ануар Бөкенов өз тарапынан «Еркін» командасына қолдау білдіріп, қаржылай көмек жасады. Оның сыртында футболға керекті спорттық киімдермен де қамтамасыз етіп, жанкүйерлік танытуды да назардан тыс қалдырмады. Әр салада өзіндік қолтаңбасын қалдырып, үлкен істің басы-қасында жүретін қалалық мәслихаттың депутаты Ануар Бөкенов спортшы жастарға да қол ұшын созу өзімнің басты парызым деп санайды. Осындай демеуші азаматтардың арқасында қазақ жастары жарқырап, спорттық жарыстан шыңдалып, әлемдік деңгейге өтетіні сөзсіз. Міне, сондай команданың бірі Еркін ауылының «Еркін» командасы. Олар әуесқойлар арасында чемпион атанып, енді шағын футбол лигасында өнер көрсетіп жүр. Бүгінде еркіндік аяқдоп шеберлері жеңілістің ащы дәмін татқан жоқ. Егер осы бағытынан таймаса бұл біріншіліктің де алтынын уысына түсіретіні анық.

Әмір САНА

ТХЭКВОНДО

Қазақстан Қорғаныс министрлігі Орталық спорт клубының спортшы-нұсқаушысы Жансель Дениз Исламабадта өткен «Pakistan Open International Taekwondo (G-1)» халықаралық турнирде «алтын» алды.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ САРБАЗ ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ

Жалпы G-1 дәрежесіндегі сайыста түрлі елдерден 500-ден астам атлет қатысып, 16 жиынтық медаль ойнатылды.

«Армия спортшысы кәсіби шеберлігінің жоғары деңгейін көрсетті. Турнирдің рейтингі бойынша Қазақстан құрамасы алты алтын медаль алып, жалпыкомандалық есепте бірінші орынға тұрақтады», – деді Орталық армия спорт клубы төрағасының орынбасары, штаттық команданы даярлау орталығының бастығы майор Әнуар Үсенов.

Сайыс өткен елден бөлек, турнирге Ауғанстан, Албания, Непал, Иордания, Қазақстан, Оман, Мысыр, Иран, Түркия, Марокко, Біріккен Араб Әмірліктері, Сальвадор, Хорватияның үздік спортшылары қатысты.

egemen.kz

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ДЕНСАУЛЫҚ

Әдетте, ауырып қалған бала балабақшаға немесе мектепке бармайды және далаға ойнауға шықпайды. Себебі осыған дейін ауырып тұрған баланы жылы жерде ұстау керек деп саналды, ата-ана терезені ашуға қорқып, жемпір мен жүн шұлықты шешуге рұқсат бермейтін. Ал қазір жөтеліп тұрса да, далада ойнап жүрген балаларды жиі байқауға болады. Ендеше, тұмау кезінде баланың серуендеуіне бола ма? Әлде бұл оның жағдайын одан бетер нашарлата ма?

ТҰМАУ ТИГЕН БАЛАНЫ СЕРУЕНДЕУГЕ ШЫҒАРУҒА БОЛА МА?

Вирустық инфекция кезінде баланы жылы, желдетілмеген бөлмеде ұстау оны далаға шығарудан гөрі қауіптірек. Алдымен ауырып жүрген баланы серуендеуге шығарудың пайдасына тоқталайық:

– *Күннің көзі.* Ультракүлгін сәулелер табиғи жолмен вирустарды көбею мүмкіндігінен айырады;

– *Ауа.* Үйдің ішіндегі тымырсық ауадан гөрі даладағы таза ауа жақсы. Ол жасушаларды оттекпен қандырып, бас ауруын кетіреді. Оған қоса, бала даладан үйге кірген соң таза ауаның себебінен жақсы ұйықтайды. Ол өз кезегінде оның жылдам жазылуына әсер етеді. Сондай-ақ таза ауа қақырықты шығаруға көмектеседі, сондықтан бала ауырғаннан кейін далаға бірінші рет шыққан күні қатты және ұзақ жөтеледі. Бұл жағдайдан қорқудың қажеті жоқ: ауа өкпенің шырыштан құтылуына көмектеседі. Ағашы көп жерде серуендеген жақсы. Бұл уақытта үйдегі терезелерді ашып кеткен жөн;

– *Қозғалыс.* Қозғалыс кезінде, тіпті, бала жай жүрсе де қан айналым мен зат алмасу жақсарады, сәйкесінше, ағза зиянды заттардан жылдам құтыла бастап, бала тез емделеді. Ауырып жүрген бала далада белсенді ойындар ойнамағаны жөн;

– *Көңіл-күй.* Күннің көзі, ауа, орын өзгерту, табиғатпен араласу, жаңа әсерлер — мұның барлығы балаға жағымды сезімдер сыйлайды. Ал көңіл күйдің көтеріңкі болуы оның жылдам жазылуына ықпал етеді;

– *Иммунитет.* Серуендер иммунитетті қатайтып, вирусті жылдам жеңуге көмектеседі.

Дегенмен, тұмауратып қалған баламен серуендеудің ережелері бар. Әр баланың ағзасы өзінше ерекше болғандықтан, әр баланың басынан ауру түрліше өтеді.

Сондықтан бала ауырып қалған кезде оны дәрігерге көрсетіп, бірден оны далаға шығару не шығармау жайлы кеңесін сұрап алған жөн.

Тұмау белгілері бар баламен қалай дұрыс серуендеу керек?

Егер бала өз еркімен далаға шыққысы келмесе, ауырып тұрған баланы қинап шығарудың қажеті жоқ. Әйтпесе, бала киінгісі келмейді, жай қозғалады, себепсіз жылай беруі де мүмкін. Мұндай негатив эмоциялар оның емделуін тоқтатып тастайды, себебі кей жағдайда күйзеліс себебінен температура мен тұмаудың басқа да белгілері қайта оралады.

Серуенге достарсыз және таныстарсыз шығыңыз. Өкінішке орай, басқа балалармен, олардың ата-аналарымен, тіпті, кездейсоқ адамдармен кездесу екі жаққа да қауіпті. Тұмаумен ауырып жүрген адам басқаларға бастапқы 5-7 күн бойы жұқтыра алады. Оған қоса, ауырып жүрген баланың иммунитеті өте әлсіз, сондықтан ағзаға түскен кез келген вирустар немесе бактериалдық жұқпалар аурудың жаңа кезеңіне әкеледі. Сондықтан адамдар көп жиналатын жерлерге бармаған жөн.

Баланы ауа райына сай киіндіріңіз. Баланы қатты қалың немесе өте жеңіл киіндіруге болмайды. Ауа райына сай киіндіріп, сөмкеңізге қосымша жемпір немесе шарф салып алуға болады. Аяқ киімнің рөлі маңызды: ол су өткізбейтін және жылы болуы керек.

Тұмауратқан баланы мына жағдайларда далаға шығаруға болмайды:

–37,5 °С-дан жоғары температура;
– Әлсіздік, тоңу;
– Төсек режимі;
– Суық ауа райы (ыстық, аяз, жаңбыр, жел).

ПСИХОЛОГИЯ

ТЕРЕЗЕНІ АШЫП ҰЙЫҚТАУҒА БОЛМАЙДЫ

Бөлмені, үйді салқындатып ұйықтаған пайдалы. Бірақ түні бойы ашып қоюға болмайды. Әсіресе, қалада тұратындарға мұның пайдасынан гөрі зияны көп. Осылай дейді Германияның Йоханнес Гутенберг университетінің зерттеушілері.

Ғалымдардың айтуынша, ұйықтап жатқан адамға сыртқы шудың зияны көп. Әсіресе, көшедегі көліктің жүріс-тұрысы мен дыбысы түнгі ұйқыға залал келтіреді.

«Транспорттың шуы қатты болған сайын ұйқы фазасы да нашарлай береді. Ұйықтап жатқан адамның ағзасы көлік дыбысын естігенде стресс гормонын бөліп, ол өз кезегінде қанда холестериннің шырт көбейіп, артериалды қан қысымының көтерілуіне әкеледі. Содан қан тамыры және жүрек аурулары пайда болуы мүмкін», – деп түсіндіреді зерттеушілер.

Бұдан бөлек, түнгі стресс күйзеліс, невроз мен үрей сынды психологиялық ауруларға әкелуі де мүмкін екен.

Сондықтан мамандар үйді салқындату үшін ұйықтардың алдында терезе ашып алған жөн дегенді айтады. Ал жатарда терезені жауып жатқан дұрыс.

ЖАЯУ ЖҮРУДІҢ ПАЙДАСЫ

Қазір адамдардың көпшілігі аз қозғалысты өмір салтының жағымсыз салдарларының алдын алу үшін спортзалға барады, таңертең жүгіреді немесе үйде видео арқылы жаттығу жасайды. Денсаулықты қатайтуға және дене сымбаттылығын қалыпта ұстауға жылдам жүріс те көмектеседі. Жиі жаяу жүрудің 7 пайдасын ұсынамыз.

Өмір ұзақтығын арттырады

Ғалымдар Ұлыбритания Ұлттық денсаулық сақтау қызметінің Орталық өлім тіркеліміндегі статистикалық мәліметтері мен сауалнамаға жауап берушілердің физикалық белсенділіктерін салыстыра отыра, мынадай шешімге келген: жылдам жаяу жүруді жөн көретін адамдардың өлім деңгейі төмен. Әрине, бұл зерттеудің қорытындысын 100 пайыз шынайы деуге келмейді. Себебі бұл сауалнамаға қатысушылардың субъективті көзқарасы және адамның өмір сүру ұзақтығына басқа да көптеген факторлар әсер ететінін ескеру қажет. Дегенмен, бұл – серуендеуге және жаяу жүруге басқаша қарауға бір себеп.

Жүрек пен қантамырларды қатайтады

Сөзсіз, жүрудің де, жүгірудің де денсаулыққа пайдасы мол. Бірақ тәжірибелер жүрек-қан тамырлар ауруларының алдын алу үшін жүру, жүгіруге қарағанда нәтижелі екенін көрсеткен. Сондай-ақ жүру кезінде жүгірудегідей буындарға күш түспейді.

Қанайналымды қалыпқа келтіреді және қысымды реттейді

Жылдам жүріспен серуендеу қанмен нашар жуылатын қан тамырлардағы қанайналымды қалыпқа келтіреді. Бұлшықеттер мен тіндерді қанмен қамтамасыз етуді жақсартады. Сонымен қатар, қан қысымы да қалыпқа келеді.

Бұлшықеттер тонусын жақсартады

Жылдам жүріс бүкіл ағзаның бұлшықеттерін оңтайлы жүктемемен қамтамасыз етеді. Сондай-ақ бұлшықеттердің және жүрек-қан тамырлар жүйесінің жаттығуын ынталандырады.

Сонымен қатар, жылдам жүріспен жүру күйзеліспен күресуге, ас қорытуды жақсартуға және ұйқыны реттеуге көмектеседі.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

Кей аяқ киімдер майтабанның дамуына және табан сүйегінің өзгеруіне ықпал етеді. Сондай-ақ аяқтың тез шаршап қалуы да аяқ киімге тікелей байланысты. Ендеше, аяқ саулығына зияны тимейтін етікті қалай таңдау керек?

ҚЫСҚЫ ЕТІКТІ ҚАЛАЙ ТАҢДАУ КЕРЕК?

Мерзімдік аяқ киімді ауыстырған кезде аяққа қосымша күш түседі. Ауа райы өзгерісі табанды қою қалпының әдістері мен жүріске әсер етуі мүмкін. Сондықтан біздің міндетіміз — қимыл-тірек жүйесінің қысқы шарттарға бейімделу процесін барынша жеңілдету. Ол үшін дұрыс таңдалған ыңғайлы аяқ киім керек.

Жалпы денсаулығыңызға, соның ішінде аяқ жағдайына зиян келмес үшін қыста төмендегі етік түрлерін алмаған жөн:

Табаны теп-тегіс етік

Ыңғайсыз аяқ киім кию жалпы денсаулықтың нашарлауына және көптеген ортопедиялық аурулардың пайда болуына себепші болады. Мысалы, соңғы кездері сәнге айналған табаны теп-тегіс аяқ киімдер ағзаны жүру кезіндегі соққыдан қорғамайды. Бұл кезде тек табан мен өкше ғана емес, сондай-ақ тізе буындары, омыртқа және тіпті, бас миы қиналады. Аяқ тегіс емес жерден жүре алу үшін табан пішіні арка тәрізді болып келген. Ортопед мамандардың балаларға шөптің және құмның үстінде жиі жалаң аяқ жүруін ұсынуы бекер емес: сол кезде олардың табаны дұрыс қалыптасады. Ал табаны қатты тегіс аяқ киім жүктемені өкше жаққа қарай қайта бөлу арқылы адам табанының табиғи қалпына әсер етеді. Соның нәтижесінде, бұлшықеттер мен байламдар қатты күш жұмсап, кей жағдайда қабынуға дейін барады. Мұның барлығы майтабанның дамуына ықпал етеді. Майтабанның белгілеріне жүру кезіндегі қолайсыздық пен ауырлықты сезіну, аяқтың ауыруы және сүйелдердің пайда болуы жатады.

Тік өкше етік

Қыста аяқ сырғанап, құлап қалу қаупі жоғары екенін біле тұра биік тақалы етік киетін әйел адамдар көп. Қысқы етіктің табаны орнықты және сырғанамайтын болуы керек екені түсінікті. Біреулер тік өкшелі етікті далада кисе, басқалары оны кеңсеге барған бойда киіп алады. Алайда мұндай аяқ киімді ұзақ кию екі жағдайда да қауіпті: ол табанды және барлық қимыл-тірек жүйесін күйзеліске ұшыратады. Тік өкшелі етікті кию кезінде ауырлық орталығы жылжып, омыртқа осінің орны ауысады. Соның кесірінен омыртқааралық дисктерге артық қысым түседі, ал ол остеохондроздың дамуын жылдамдатуы мүмкін. Сондай-ақ биік өкшелі аяқ киім тізе буындарына негатив әсер етіп, артроздың даму қаупін арттырады. Сонымен қатар, үлкен башайдың жылжуына көбіне тік және биік өкшелі аяқ киімдер кінәлі. Мұндай патологияны «табан сүйегінің шығып кетуі» деп те атайды. Бұл сүйек қатты ауырады және әдемі көрінбейді.

Басы үшкір етік

Басы үшкір етік сәнді аяқ киімдердің бірі болғанымен, оны ұзақ киіп жүру қан айналым проблемаларына әкелуі мүмкін. Басы үшкір және сапасыз әрі қатты материалдан жасалған аяқ киімнің себебінен жиі сүйелдер мен көбекірген (аросший) тырнақ пайда болады.

Қысқы етікті қалай және қай уақытта таңдау керек?

Қысқа арналған дұрыс етіктің 2-4 см өкшесі болуы керек. Етіктің жуандығын реттейтін бауы немесе жабысқышы бар бәтеңке болғаны жақсы. Аяқ киімнің сірі табан дұрыс орнығуы үшін тұрақты болуы керек. Жүру кезінде ыңғайсыздық туындамас үшін және қан айналым проблемалары болмас үшін басқы жағы кең бәтеңкелер жақсы. Етік қалпы алдыңғы жақта кем дегенде 45 градус бұрышқа оңай қайырылуы керек. Сондай-ақ қысқы етікке міндетті түрде ортопедиялық ұлтарақ алған жөн.

Етікті күннің екінші жартысында алған дұрыс. Егер етік алуға демалыс күні таңертең барсаңыз, оның өлшемін дұрыс алмауыңыз әбден мүмкін. Себебі көбіне кешке қарай сәл болса да аяқ іседі. Сол кезде таңертең сатып алған етігіңіз аяғыңызды қысуы мүмкін. Етік аяқты қыспауы керек, әсіресе, жандары және үсті сәл кең болғаны жақсы. Себебі бұл жерлерге түскен қысым қан айналымның бұзылуына әкелуі мүмкін.

Материал massaget.kz сайтынан алынды.

Құрылтайшы
"АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры
Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор
Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші

Кезекші редактор: А. НҰРЖАПАР.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 3554
Тапсырыс № 1114
Индекс 15534